Қорытынды. Тезаурус – лингвистикалық ғылымда интегралдандырылған сөздердің аналогы. Тіл білімінде оның маңызды құрылым болуы да мағыналық қатынастардың айрықша байланысын анық көрсетуінде жатыр. Оның қазіргі талдау жүйесіне енуі кез келген мәтіннің жалпы мазмұны мен сөздер арасындағы семантикалық парадигманың үйлесімін толықтануға мүмкіндік берді. Әсіресе мәтінтануда айрықша орынға ие. Адам болмысы, мінезі күрделі психологиялық қабаттардан тұрады. Абай қарасөздеріндегі негізгі объект те адам, адам мінезі, психологиясы мен әрекеті болып табылады. Сондықтан барлық қарасөздеріне ортақ кейіпкер адам деп сеніммен айтуға болады. Ал «Кейіпкер болмысын даралайтын түрлі бейнелеулер тізбесін анықтауда тезаурус қатарын түзу маңызды» [9, 97]. Біздің нысан ретінде алып отырған

Абай қарасөздеріндегі мінез түрлерінің тезаурустық сипатының аспектілері арасындағы байланыс тізбегін көрсетуде, алдымен жаман мінез категориясының бірнеше тізбегі таңдап алынды. Олар тек сөз ғана емес, сөз тіркестері мен афоризмдер, сөйлемдерден де тұрады. Бұл жерде мағынаның тұтастығын сақтау ережелері есепке алынды.

Адамның жаны мен тәні арасындағы негізгі байланыс – мінез. Ол – адам болмысының, бар табиғатының деңгейлік, сапалық көрсеткіші. «Адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқын анықтайтын негізгі фактор – оның дүниетанымы. «Кім шынайы?» факторында тәрбиеленген адамның жоғары рухани деңгейінің артықшылықтары «Мен неге осы уақытта дүниеге келдім?», «Менің өмірімнің мәні неде?», «Менің өмірім ар мен адамгершілік талаптарына сәйкес келе ме, жоқ па?» [10, 1500], – деген сұрақтарға жауап бере алғанда ғана анықталады. Сондықтан, Абай қарасөздеріндегі адам психологиясы, жалпыадамзаттық мінез сипаттары туралы феномендері философияда маңызды орынға ие. Адам үшін жан қуаты болып табылатын жақсы мінез бен құлдырауға себеп бола алатын жаман мінез түрлері арасында қандай да бір байланыстың бары анық.

Хакім сынаған жағымсыз мінезді жақсы қасиеттермен жойып, түзеуге болатынына адамзат баласын әбден сендіргісі келді. «Ол қазақты жамандаған жоқ, жаман мінезін сынады. Қазір жақсылы-жаманды біліміміз болса да мінезіміз сол қалпы. Бүгінгі барлық проблема – мінезімізден; әділетсіздік, ұрлық, парақорлық, шенқұмарлық, жандайшаптық, жағымпаздық, қатыгездік, қиянатшылдық, сатқындық, өтірікшілік, мал шашпақ, надандық, өзімшілдік» [11, 56]. Ал ұлы ақын халыққа ес кіріп, бар жамандық атаулының, керексіз мінездің ескіретініне үміттенді. Жан қуатын арттырып, нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүректі бойына жинаған ұрпақты аңсады.

Әдебиеттер

1. Вал.Луков, Вл.Луков. Тезаурусы субъектная организация гуманитарного знания. – Москва: изд. Национального института бизнеса, 2008. – 785 с.

2. Тезаурусы и проблемы культуры: III Академические чтения памяти Владимира Андреевича Лукова: доклады и материалы Общероссийской (национальной) научной конференции (с международным участием), прошедшей в Московском гуманитарном университете 4 апреля 2019 г. /редкол.: Вал.А.Луков (отв.ред.), Н.В.Захаров, А.В.Костина, Т.Ф.Кузнецова, Ч.К.Ламажаа, В.П.Трыков. – М.: Изд-во Моск. гуманит. ун-та, 2019. – 401 с.

3. Психология характера: учебное пособие / Алтайский государственный университет; сост.: М.В.Шамардина, И.А.Ральникова, Е.А.Петухова. – Барнаул: АлтГУ, 2020. – 1 CD-R (2,6 Мб). – Систем. требования: Intel Pentium 1,6 GHz и более; 512 Мб (RAM); Microsoft Windows 7 и выше; Adobe Reader. – Загл. с титул. экрана. – Текст: электронный.

4. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 35-том: Мақалалар, зерттеулер. 1956-1957. – 416 б.

5. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2-том. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. – 528 б.
6. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. – 640 б.
7. Караулов Ю.Н Лингвистическое конструирование и тезаурус литературного языка. – Москва: изд. «Наука», 1981. – 367 с.
8. Марковкин В.В. Идеографические словари. – изд. Московского университета, 1970. – 71 с.
9. Аймұхамбет Ж.Ә. Абай поэзиясындағы «мәңгілік бейнені» тезаурустық талдау // «Keruen», 2022, №1
10. Sultangaliyeva O.K., Erdembekov B.A., Soylemez O. The relationship of national character and ethnocultural worldview in modern kazakh poetry // Opcion, Ano 36, Especial No.26 (2020): 1497-1513 ISSN 1012-1587/ ISSNе: 2477-9385
11. Ыбырай С. Жарым адамнан – толық адамға. – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 254 б.

А.С. ЕСПЕНБЕТОВ, Б.А.ЕРДЕМБЕКОВ, А.Т.СМАГУЛОВА

Университет имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан

ТЕЗАУРУСНЫЙ АНАЛИЗ ХАРАКТЕРА ЧЕЛОВЕКА В «СЛОВАХ НАЗИДАНИЯ» АБАЯ

Аннотация. В статье на основе сравнительного метода путем тезаурусного подхода рассматривается тип характера человека в «Словах назидания» Абая Кунанбаева. Произведения великого поэта, народного просветителя Абая – это неоспоримая сокровищница казахской литературы. Современный читатель может испытывать определенные трудности в осмыслении и понимании глубинных размышлений Абая. Порой язык Абая сложен и непонятен. Казахский просветитель, ученый-лингвист Ахмет Байтурсынулы неслучайно подчеркивал необходимость более внимательного прочтения произведений казахского классика для изучения его мировоззрения, философских основ жизни казахского народа. Для этого необходимо понять основное ядро творчества Абая Кунанбаева, особенности и детали его поэтики.

В связи с вышеизложенным считаем необходимым скрупулезное изучение тезауруса «Слов назидания» Абая, поскольку именно тезаурус является наиболее ярким отражением лексической системы художника, а вместе с тем и системы жизненных ценностей, выражающихся в отношениях человека к природе, труду, миру и пр. Авторами статьи последовательно рассмотрены синонимические, антонимические, гиперонимические и другие языковые признаки текста. В статье использованы как теоретический, так и практический пути анализа. В ходе тезаурусного анализа «Слов назидания» Абая выявляются различные аспекты характера человека, позволяющего

говорить, прежде всего, о многогранности таланта самого художника.

Ключевые слова: литературоведение, «Слова назидания», тезаурус, характер, концепт, контекст, семантика, квинтэссенция.

A.S.YESPENBETOV, B.A.YERDEMBEKOV, A.T.SMAGULOVA

«Shakarim University of Semey» Semey, Kazakhstan.

THESAURUS OF HUMAN CHARACTER IN ABAI'S «THE BOOK OF WORDS»

Abstract. The article examines the type of human character in Abai's «The Book of Words» on the basis of the comparative method by the thesaurus approach. Abai's works are an indisputable treasury of Kazakh literature. However, sometimes a modern reader may experience certain difficulties in comprehending and understanding Abai's deep thoughts. Yes, indeed, sometimes the language of Abai is complicated and incomprehensible. Perhaps it is no coincidence that Akhmet Baitursynuly emphasized the need for a more careful reading of the works of the Kazakh classic, studying his worldview. To do this, first of all, it is necessary to understand the main core of Abai's creativity, the features of his poetics.

In connection with the above, we consider it necessary to thoroughly study the thesaurus of Abai's «The Book of Words», since it is the thesaurus that is the most vivid reflection of the artist's lexical system. Therefore, the authors of the article consistently considered synonymic, antonymic, hyponymic and other linguistic features of the text. The article uses both theoretical and practical ways of analysis. During the thesaurus analysis of Abai's «The Book of Words», various aspects of a person's character are revealed, which allows us to speak primarily about the diversity of the artist's talent.

Keywords: literary criticism, «The Book of Words», thesaurus, character, concept, context, semantics, quintessence.

References

1. Val.Lukov, VI.Lukov. Thesauruses are the subject organization of humanitarian knowledge. – Moscow: ed. National Institute of Business, 2008. – 785 p.
2. Thesauri and problems of culture: III Academic readings in memory of Vladimir Andreevich Lukov: reports and materials of the All-Russian (national) scientific conference (with international participation), held at the Moscow University for the Humanities on April 4, 2019 / editorial board: Val.A. Lukov (ed.), N.V.Zakharov, A.V.Kostina, T.F.Kuznetsova, Ch.K.Lamazhaa, V.P.Trykov. – M.: Publishing House of Moscow. humanit. un-ta, 2019. - 401 p.
3. Psychology of character: textbook / Altai State University; compiled by: M.V. Shamardina, I.A. Ralnikova, E.A. Petukhova. - Barnaul: AltGU, 2020. - 1 CD-R (2.6 Mb). – System. requirements: Intel Pentium 1.6 GHz or more; 512 MB (RAM); Microsoft Windows 7 and above; Adobe Reader. - Zagl. with title. screen. – Text: electronic.

4. Auezov M. Complete fifty-volume collected works. – Almaty: «Daur», «Zhibek Zholy», Volume 35: Articles, studies. 1956-1957. – 416 p.
5. Abai. A complete collection of academic issues. In three volumes. Volume 2. – Almaty: «Zhazushy» Publishing House. 2020. – 528 p.
6. Abai. A complete collection of academic issues. In three volumes. Volume 1. – Almaty: «Zhazushy» Publishing House. . 2020. – 640 P.
7. Karaulov Y.N. Linguistic construction and thesaurus of the literary language. – Moscow: ed. «Nauka», 1981. – 367 p.
8. Markovkin V.V. Ideographic dictionaries. – ed. Moscow University, 1970. – 71 p.
9. Aimukhambet Zh.A. Thesaurus Analysis of «Eternal Image» in Abay’s Poetry // «Keruen», 2022, №1
10. Sultangaliyeva O.K., Erdembekov B.A., Soylemez O. The relationship of national character and ethnocultural worldview in modern kazakh poetry // Opcion, Ano 36, Especial No.26 (2020): 1497-1513 ISSN 1012-1587/ ISSNе: 2477-9385
11. Iybrai S. From an inferior person to a moral person. – Nur-Sultan: L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2020. – 254 p.

Авторлар жайлы мәлімет:

Еспенбетов Арап Сләмұлы – филология ғылымдарының докторы, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің профессоры, Семей, Қазақстан.

Еспенбетов Арап Слямович – доктор филологических наук, профессор Университета имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан.

Arap Yespenbetov – Doctor of Philological Sciences, Professor, «Shakarim University of Semey», Semey, Kazakhstan.

Ердембеков Бауыржан Аманкелдіұлы – филология ғылымдарының докторы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің профессоры профессоры, Семей, Қазақстан.

Ердембеков Бауржан Амангельдыевич – доктор филологических наук, профессор Университета имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан.

Baurzhan Yerdembekov – Doctor of Philological Sciences, Professor of NCJSC «Shakarim University of Semey», Semey, Republic of Kazakhstan.

Смагулова Ақмарал Төлеуғазықызы – филология ғылымдарының кандидаты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің жетекші ғылыми қызметкері, Семей, Қазақстан.

Смагулова Акмарал Тулеугазиновна – кандидат филологических наук, ведущий научный сотрудник Университета имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан.

Akmарal Smagulova – candidate of philological sciences, leading researcher of the research, Shakarim University of Semey, Semey, Kazakhstan.

XFTAP 17.01.09

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.22>

*М.Ә. КАЙИМОВ¹ 

Н.С. ХАЛИКОВА² 

У.Б. ИБРАГИМОВА³ 

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан^{1,3}
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

Шымкент, Қазақстан²

(e-mail: m.kaiimov92@mail.ru¹, khalikova_nurila1976@mail.ru², Ulbala83@mail.ru³)

БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ АБЫЛАЙ ХАНҒА АРНАҒАН ЖЫР- ТОЛҒАУЛАРЫНЫҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ поэзиясындағы Бұқар шығармашылығы жүйелі зерттеу нысанына айналған. Бұқар жыр-толғауларына талдау жасалынып, Бұқардың саяси істерге араласқан қырлары, Абалай ханның кеңесшісі болған әдебиеттегі бейнесі ашылады. Бұқар жырау қазақ халқының басына қиын-қыстау күн туған уақытта ғұмыр кешіп, сол аласапыран заманда күрделі саяси мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген тұлға. Жырау Абылай ханға ел басқару ісіне байланысты кеңестер беріп, ханға тура жол көрсетіп отырған. Өз шығармалары арқылы басқыншы жауға қарсы күресте халқын бір тудың астына біріктіруге күш салады. Бұхар жырау өзінің саяси-әлеуметтік жыр-толғауларымен өз елінің жалынды күресінің жыршысына айналды. Жырау әлеуметтік тақырыпқа терең ден қойып, ұлт-азаттық, демократияшыл бағытты ұстанады. Мақалада ел басына күн туған ауыр күндері ел ұйытқысы бола білген жырау шығармаларындағы әлеуметтік сарын айқындала келе, Бұқар жыраудың саяси-әлеуметтік көзқарастары ашылады. Жыраудың Абылай ханға арнап жазған жыр-толғаулары талдау нысанына алынады. Саяси-әлеуметтік мәнді жыр-толғаулар жазған жырау хан ордасында қызмет еткенімен, сарай маңы ақыны емес деген тұжырым жасалынады. Әлем әдебиетіне көз салсақ, әр кезеңде хан сарайында қызмет етіп, әртүрлі бағытта шығармашылықпен айналысқан ақындарды кездестіреміз. Түркі халықтары әдебиетінің классигі Науаи, түрік әдебиетінің өкілдері Махмұт Бақи, Ахмед Недим Эфенди т.б. және қазақ поэзиясындағы сарай маңы ақындары Жанұзақ, Байтоқ т.б. ақындар жайлы мәліметтер беріліп, Бұқардың халық қамын ойлаған тұлғасы шығармалары негізінде ашылады.

Түйін сөздер: поэзия, тарих, тұлға, әдебиет, жырау, тарихи шындық, шығармашылық, сарай ақыны

Кіріспе. Бұқар жырау поэзиясы нақыл, өсиет, ғибратқа толы. Бұқар жыраудың поэзиясындағы өмірге деген философиялық көзқарас оның ақиқатты, таным тақырыбын, адам ақылының күшін іздеу туралы ойларын көрсетеді. Жырау адамның өмір жолының әртүрлі кезеңдерін салыстыра келе, өмірдің өзгергіштігін табиғи деп санайды. Ақынның шығармашылығында этика мәселелері, халық поэзиясы үшін дәстүрлі тәлім-тәрбие тақырыптары да жиі көрініс тауып отырады. Ол ұрпағына адамдарға лайықты адам болу туралы тілектерін қалдырды. Өмірдің өткені мен болашағын терең пайымдап болжайды, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық сүбелі сөз, айшықты ой қалдырады. Сонымен қатар, Бұқар жырау өзінің жыр-толғауларында қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді де қозғап, әлеуметтік сарында өлеңдер жазған. «Бұқар жырау – қазақ жеріне ертеден мәлім. Оның бізге жеткен арнау, терме, толғаулары негізінен әлеуметтік, қоғамдық мәселені көтереді» [1, 323].

Қазақ әдебиетінің тарихына көз салсақ, ел басшысы ханға арнап жыр жолдарын жырлаған ақындар аз болмаған. Олардың жырлары әр кезеңде әртүрлі сипатта көрініс тауып отырған. Шалкиіз жыраудың Би Темірге, Асан Қайғының Жәнібек ханға, Марғасқа жыраудың Тұрсын ханға, Жиембет жыраудың Есім ханға, Бұқар жыраудың Абылай ханға арнап айтқан жырларынан ханның қасында әр уақытта ақылшы жыраулардың болғанын көреміз. Олар өз заманының елеулі тарихи оқиғаларын жырға қосып отырған. Ел бірлігі мен мемлекеттің іргесін сақтау осы аталған жыраулар шығармаларының негізгі идеясы болған. Жыраулық дәстүрден кейінгі хан сарайында қызмет еткен ақындар ел мәселесіне тереңдемей, билікті мадақтау, мақтау сарынында өлеңдер жазған. Қазақ әдебиетінде ХІХ ғасырда өмір сүрген Байтоқ ақынды нағыз сарай маңы ақындары қатарына жатқыза аламыз. Сарай ақындары туралы мәлімет ең алғаш Сәбит Мұқановтың «Қазақтың ХVІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» деген еңбегінің «Жәңгір ханның сарай ақындары» атты тарауында көрініс береді. Сәбит Мұқанов бұл еңбегінде сарай ақындары ретінде Жанұзақ, Байтоқ, Боран, Ақмалы, Қуанышбай сынды ақындарды атайды. Жәңгір ханның тұсында хан ордасының ақыны Байтоқ нағыз сарай маңы ақындарының бірі ретінде ерекшеленген болатын.

Түркі халықтар әдебиетіне шолу жасайтын болсақ, сарай маңында қызмет еткен ақындардың шығармашылығын көптеп кездестіруімізге болады. Түркі халықтарының классигі Науаидің өмірі мен шығармашылығы сарай маңымен байланысты болған. Науаи өз заманында Сұлтан Хусейн атты билеушінің тұсында бас уәзір қызметіне дейін көтеріліп, сарай маңындағы ақындардың бірі болған. Ақын өз өмірінің бір бөлігін сарайда өткізгенмен оның шығармалары теңдік пен әділдікті, адал еңбекті алға тартқан гуманистік идеяларға толы болды. Ақын әділет пен адамгершілікті, достық пен махаббатты, адалдық пен рухани тазалықты кеңінен жырлай бастайды. Науаи терең білімді, рухани бай, парасаты биік адам. Ол өз елінің мүддесін ойлап,

әсіресе өнер мен әдебиеттің, білім мен ғылымның дамуына көп үлес қосқан. Ғалым Ө. Күмісбаев шығыс шайырларының өмірі мен шығармашылығын зерттей келе, Әлішер Науаидің өз еліне адал қызмет еткенін, ел басқару ісінде Хорасанның билеуші Хұсайн Байқараға ақыл-кеңес беріп, бағыт сілтеп отырғанын айтады [2, 166].

Қазақ ғылымының жарық жұлдызы Шоқан Уалиханов өзінің Қашқария жайлы жазған очеркінде Науаиді халықты қара түнек алып шығушы сәуле ретінде бағаласа, заңғар жазушымыз М.Әуезов «Әлішер Науаи» атты ғылыми мақаласында: «Түркі тілдес халықтардың көпшілігінің әдебиеті мен мәдениетін өсіруде Науаи мол әсер еткен» [3, 291]- деген пікір айтқан болатын.

Ә.Науаи мұраларының түркі тілдес халықтары үшін маңызы үлкен. Шығыстың атақты ойшылы, түркі халықтарына ортақ ұлы ақын, мемлекет қайраткері Науаи өз шығармалары арқылы түркі халықтарының әдебиетін биік белеске көтереді. Әдебиеттанушы ғалым Ж.Дәдебаев ақын шығармашылығының маңызын айта отырып мынандай пікір білдіреді: «Тарихи тұрғыдан қарағанда, Әлішер Науаи өз дәуірінің жан-жақты дамыған, өнер мен ғылымның басты саласында бірдей еңбек еткен және сол салалардың әрқайсысында керемет жетістіктерге жеткен, ақындығы, хәкімдігі, әкімдігі тең түскен кемел тұлғасы еді» [4, 84].

Әрбір ақынның шығармаларында қозғалатын мәселелерді түсіну үшін ақын өмір сүрген дәуір болмысы мен сол ортаның саяси ахуалын, дәуір болмысын білу керек. Науаи өз заманында мемлекеттік қызметтер атқара жүріп, бар күш-қуатын халық игілігіне жұмсауға тырысады. «Науаи өмір сүрген кезең Орта Азияда хандық биліктің күшейіп тұрған кезі еді. Науаи сарай ақыны болудан бас тартып, Низамиге еліктеп «хамса» жазды. Хамсаларының сюжетін Низамиден алғанымен жаңа идеямен дидактикалық сарында жазып шықты» [5, 87].

Түрік әдебиетінің өкілдері Махмұт Бақи, Ахмед Недим Эфенди сарай маңы ақындарының көрнекті өкілдері. Бакидің «Жоғары мәртебелі Сүлейман Ханға арналған элегия» атты шығармасы түркі әдебиетіндегі ең танымал шығармалардың бірі. Бакиге ақындық даңқ алып келген басты туындысы – «Диван» лирикалық өлеңдер жинағы. Бұл жинақта ақынның Сүлеймен сұлтан мен Селим II арналған жолдауы, Сүлейменнің өлімі туралы элегиясы мен 204-ке жуық шағын ода жинақталған. Атақты Осман ақындарының бірі Ахмед Недим Эфенди Қызғалдақ дәуірі деп аталатын 23-ші сұлтан Ахмед III кезінде ең танымал сарай ақындардың қатарынан көрінген.

Жалпы сарай маңында пайда болған поэзия әр кезеңде әртүрлі тақырыпта дамып отырды. Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар Бұқар жырау өмірінің маңызды бөлігі хан ордасында өтті. Бұқар жырау өз заманында хан ордасында беделі артып, елге белгілі жырау, ақылшы би атанған. Бұқар жырау Абылай ханның азаттық жолындағы ел басқарған қабілетін дәріптей отырып,

ханның кемшіліктерін де батыл айтып отырған. Тарихи-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланыста туындаған жырау поэзиясының негізгі идеясы ел бірлігі мен халықтың бейбіт болашағы болды. Толғауларының ең негізгі тақырыптары туған жерді, елді сүю, елді бір тудың астына жинау, Отанды қорғау болатын. Өз толғауларында жырау адамгершілік мәселелерін де ең бірінші орынға қойды.

Ел мен жер тағдырына байланысты Бұқар жырау шығармалары ұлы идеяларды алға тартады. Тарихта із қалдырған елеулі оқиғаларды келешек ұрпаққа, жалпы адамзатқа зерделі түрде көркем тілмен жеткізіп, әдеби мұра етіп қалдыру – Бұқар жырау қойған мақсаттың басты негізі. Халқымыздың руханият тұрғысынан жаңарып өркендеуі тікелей әдебиетке байлынысты. Әдебиет асыл құндылықтарымыз десек, Бұқар жырау шығармашылығы осы баға жетпес асылдарымыздың бірі.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада қазіргі әдебиеттану ғылымындағы зерттеу әдіс-тәсілдері пайдаланылған. Атап айтқанда, салыстырмалы-жүйелі зерттеу негіздеріне сүйене отырып, материал жинақтау, жүйелеу, сипаттау, баяндау әдістері, сонымен қатар көркем мәтінді талдау әдісі, салыстыру, мәдени-тарихи әдіс, тарихи-салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылған.

Талқылау мен бақылау. Қазақ әдебиеті тарихында зар заман ақындарының орны ерекше. Ғалым М. Әуезов өзінің «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде тұңғыш рет бір дәуірде өмір сүріп, бір сарынмен өлең жазған ақындардың барлығын «зар заман ақындары» деп атағандарын айтады. Зар заман дәуірінің алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, ең соңғы өкілдері Абайға келіп тіреледі деп пікірін тұжырымдайды [6, 192]. Зар заман ақындары өмір сүрген кезең ел басындағы ауыр жағдайларға толы болды. Үлкен тарихи өзгерістерді басынан кешірген осы кезең қазақ халқы үшін қиын күндердің тізбегі іспетті болды. Көш басында жүріп, ел қамын ойлаған жыраулар ханның қасынан табылып, ел тізгінін қолға алды. Жыраулар сол кезеңнің әлеуметтік халін терең ұғынып, ел қамын жоқтауға кірісті. Ақын, жыраулар бұрынғыдай қызық қуып жыр жазбады. Олар мүлдем жаңа бағытта әлеуметшілік сарында жыр төгілдірді. Өлең жолдарынан халық тағдырына алаңдаушылық білдірген, ел мен жер тағдырын ойлаған ақынның азатшыл идеялары байқалды. Жырау елді бірлікке шақырды, үлгі өсиет айтты. Ұлт болашағын ойлаған ақын-жыраулар ел қорғаны батырлардың, ел тірегі хандардың бейнесін сомдап, өздерінің зар, мұңын өлең жолдарына қосты. Тарихи дәуірді бастарынан өткізген жыраулар поэзиясы тарихпен тамырлас. Сол себепті де, жүз жылдық тарихы бар зар заман ақындары шығармашылығын тарихи оқиғалар ізімен қарастырудың маңызы зор. Жыраулар поэзиясын терең ұғыну үшін оларды туғызған тарих беттерін жақсы білу керек.

Бұқар жырау – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар тарихи тұлға, қоғам

қайраткері, жыраулық өнердің көрнекті өкілі. Бұқар қазақ халқы үшін тарихи маңызы бар кезеңде өмір сүрген. Бұқардың шығармашылығы жайлы алғаш пікір білдірген ғалымдардың бірі Ш.Уалиханов еді. Шоқан Бұқар жыраудың Абылайға арнап жазған жыр-толғауларын алғаш рет қағаз бетіне түсірген. Ғалымның «Бұқардың Абылайға айтқандары», «Абылай туралы жырлар» сынды еңбектері қазақ әдебиетінің тарихына, Бұқар жырау шығармашылығына байланысты көлемді зерттеулер болып табылады. Белгілі фольклорист, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев те жырау шығармаларын жинап, ол туралы мәліметтер берген болатын. С.Сейфуллин Бұқар жыраудың Абылай ханның заманында ханның бірінші жыршы-шешен ақылшысы болғандығын айтады. Бұқар шығармашылығын М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Х.Сүйіншәлиев, М.Мағауин т.б. ғалымдар зерттеп, жыраудың қазақ әдебиет орнын айқындады.

Ақын, жырау толғауларындағы тарихи оқиғалардың көрініс табуы заңды құбылыс. Ақын, жыраулар өздері өмір сүрген кезеңнің тарихи шындығын өлең жолдарына өргізіп отырған. Жырау мұрасында сол дәуірдегі халықтың басынан өткізген талай тарих іздері сайрап жатыр. Тарихи тұлғалардың поэтикалық бейнесін жасаған жыраулар шығармаларынан сол кезеңдегі тарихи оқиғалардың көркем көрінісі анық байқалады. Жыраулар поэзиясының бастауында тұрған Асан қайғының жырларынан Жәнібек ханның көркем бейнесін көресіз. Бұқар жырау өз толғаулары арқылы Абылайдың әдебиеттегі тұлғасын жасап шықты.

Абылай хан заманында өмір сүрген Бұқар жырау ханның жыршысы, ақылшысы, ел ісін басқару ісінде кеңесшісі болған. Өз заманында хан сарайы маңында беделі биік болып, елге белгілі жырау, ақылшы би атанған. Ел басына қауіп төнген ауыр заманда жырау саяси-әлеуметтік істерге тікелей араласып, Абылай ханға ақыл-кеңес беріп отырған. Жырау өз толғаулары арқылы Абылай хан жүргізген саясат жөнінде орнықты әрі әділ пікірлер білдіре алған. Кей жағдайларда Абылай ханға батыл тіл қатып, сыни көзқарастарын да білдіріп отырған. Бұқар жырау «Абылай ханның қасында», «Ал тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай» «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда» т.б. жыр-толғауларында Абылайдың бейнесі ашылып қана қоймай, ханның саяси іс-әрекеттерінен де көрініс береді. Жыраулар поэзиясында адам аттарының, тарихи тұлғалардың есімдерінің жиі аталуы жыраулық дәстүрдің ең басты ерекшелігі болып табылады. Бұқар шығармашылығында да адам аттары, әсіресе Абылай ханның аты жиі ұшырасады. «Әлеуметтік мәні бар сөздер, ономастикалық атаулар Бұқар тілінде әлдеқайда жиі ұшырасады» [7, 27].

Хан қасынан табылған ақын-жыраулар өмір шындығын жырлауды бірінші орынға қойған. Кей жағдайда ханның жағымсыз істерін қатты сынға алып, ашық түрде батыл сынаған. Өз заманында «Көмекей әулие» атанған Бұқар жырау хан ордасында белді жырау, Абылай ханның ақылшы-кеңесшісі болған. Ұлы жырау сол кезеңнің негізгі тарихи оқиғаларының ортасында

жүргені анық.

Жыраулық өнер ежелгі түркілік әлем мен қазақтың жаңа жазба әдебиетін байланыстырып тұрған рухани дүниелерге толы әдеби қазынасы. «Жыраулық рух ежелгі түркілік болмыстың кейінгі қазақ жазба поэтикалық үрдісіне жалғастырған аралық көпірі болды» [8, 81].

Түркілік әдебиеттің өзіндік даму ерекшеліктері бар. Әр кезең өзіндік әдеби дәстүрлерді қалыптастырды. Ежелгі көшпенділер өркениеті мен көне түркілер әлемі тударған әдебиеттің негізінде түркілік көркемдік дәстүрлер мен сарындар қалыптасып, олар бүгінгі күнге дейін өз жалғасын табууда.

Өз заманында саяси істерге араласып, мемлекет қызметінде болған ақын Әлішер Науаи шығармалары, ғибрат сөздері адамды гуманистік ойларға жетелейді. Ақын қай уақытта болмасын халық жағдайының жақсы болуына күш жұмсап, бар ынта-жігерімен халық үшін қызмет етеді. Сарай маңында уазірлік қызмет жасаған ақынның өмірге деген өз ұстанымы болған. Ол шығармалары арқылы адам жүрегінде ұялаған иман, ар-ождан, адамгершілік қасиеттерді жоғары қойып, өзінің биік көзқарасын танытады. Осы қасиеттер арқылы ақын адамгершілігі жоғары, ар-ожданы таза, иманы берік тұлға ретінде қалыптасып, бүгінгі таңға дейін өз биіктігінен көрініп келе жатыр. Науаи қарапайым халық пен билік арасында өзара үйлесім мен шынайы ынтымақ орнауын арман етті.

Түрік әдебиетінің қарқындап дамуына Махмұд Бақи (1526-1600), Ахмед Недим (1680-1730) сынды ақындар көп үлес қосты. Бақидің «Жоғары мәртебелі Сүлейман ханға арналған элегия» атты шығармасы түркі әдебиетіндегі ең танымал шығармалардың бірі. [9, 319]. Жалпы түркі әдебиеті – әлем әдебиетінде өзіндік орны бар, әртүрлі даму кезеңдерін басынан өткізген, классикалық кезеңге дейін жеткен бай әдебиет. Осман ақындарының бірі Ахмед Недим Эфенди шашамен 1681-1730 жылдары өмір сүрген. Недим ақынның лақап аты болған. Ол 1718 жылдан 1730 жылға дейін Қызғалдақ дәуірі (түрікше *Lâle Devri*) деп аталатын 23-ші сұлтан Ахмед III кезінде ең танымал сарай ақындардың қатарынан көрінген. Недим ақын Ибрахим пашаның қолдауы мен қамқорлығына ие болып, визирдің жеке кітапханасының сақтаушысы болып тағайындалған [9, 377].

Жырау – суырып салма, өлең сөздің қадірін білген өнер адамы. Жырау елдің жағдайын ойлайтын, халықтың қамын жейтін тұлға. Қиын қыстау кездерде бағыт бағдар беретін ақылшы. Бұқар өз заманында Абылай ханға кеңес беріп, ел ісіне араласып отырған. Өзінің даналығы мен тапқырлығымен ерекшеленген Бұқар ел тағдырын шешер ірі оқиғалар жайлы ой қозғаған. Сарай маңында көрінген ақындардың ішінде Бұқар шығармашылығы өзгеше. «Бұқар заманында Абылай ханның бас ақыны әрі кеңесшісі болғандықтан мемлекеттік маңызы бар істерге ақыл қосып, өз ақылын мемлекет жұмысын басқарушы Абылайға істеттіруге тырысады...» [10, 189]. Қазақ әдебиетінің

тарихын зерттеген С.Мұқанов өз зерттеулерінде Бұқарға «сарай ақыны», «орда ақыны» деген атақ таққан дұрыс емес екендігін айтып кетеді. Ғалымдардың пікірінше, қазақ әдебиетінде нағыз сарай маңы ақындары ХІХ ғасырда пайда болды. Сарай ақынының ең алғашқы көрнекті өкілі Байтоқ ақын. Ол өз шығармашылығын Жәңгірдің күллі саяси істерін дәріптеп, ханды мақтап, мадақтауға арнаған.

XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың поэзиясында сол кезеңнің тарихи оқиғалары көрініс берген. Сол кезеңнің ақын-жыраулары халық атынан сөйлеп, елдің мүддесін, мұң-мұқтажын, қайғы-қасіретін өз толғауларына қосуды парыз санаған. XV-XVII ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулар қазақ даласының дарынды рухани әрі қоғамдық-саяси көшбасшысы бола білген. Олардың әлеуметтік ой-пікірлерінің ел қауіпсіздігі мен тәуелсіздігі, болашағы үшін маңызы зор болған. Асан қайғы, Доспамбет, Қазтуған, Бұқар жырау толғауларыны қазақ халқы рухани мәдениетінің негізгі өзегі болды. Жазушы ғалым М.Мағауин «Қобыз сарыны» атты еңбегінде Бұқар жыраудың поэзиясына баға бере келе, нағыз сарай ақындары ретінде ХІХ ғасырдың бас кезінде жасаған Жанұзақ, Байтоқ жырауларды атап өтеді. Ол ақындарды Жәңгір ханның «ақылгөй қариясы да, қабырғалы биі де емес, тек қошеметші нөкерлері, осы сөздің толық мағынасындағы сарай ақындары» [11, 139] болғандықтарын атап өтеді.

Халық арасында аты аңыз болып қалған Асан қайғыны Қазақ хандығында, Жәнібек ханның маңында көреміз. Асан Қайғының бізге жеткен толғауларының көпшілігі Жәнібекке арналған. «Кейінгі ұрпақ әулие танып, аңыз кейіпкеріне айналдырған, ал Шоқан Уалиханов «көшпелілер философ» атаған Асан Қайғы өз заманының үлкен ойшылы еді. Керей, Жәнібек хандардың ақылшы биі болған» [12, 8]. Асан қайғы хан қасында, сарай маңында болғанымен ханған жағынбай, ханның қаһарынан қаймықпай ақиқатты айтып, тура сөйлейтін. Оған жыраудың «Ай, хан, мен айтпасам білмейсің» атты толғауы дәлел бола алады.

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің,
Шабылып жатқан халқым бар,
Аймағын көздеп көрмейсің [12, 24].

Осылайша ханға ашық ойын білдіріп сөйлеу кез келгеннің қолынан келмейді. Асан толғауларынан оның ел ішінде беделі адам болғандығын білеміз. Ханға сөзі өтімді Асан ел билеушілеріне тірек, ақылшы-кеңесші болған адам. Асан халық атынан сөйлеуші. Ел басынан күн туғанда халқына демеу білдіріп, қысылғанда жол көрсетерданалықтың иесі, елі қадір тұтқан асыл сөздің иесі. Ол ел тағдырын шешер ірі оқиғалар, көкейкесті мәселелер жайлы толғаған. Өз заманының ойлы перзенті Асан поэзиясының бір бөлшегі ретінде атамекенге деген сүйіспеншілікті байқай аламыз. Тарихтан белгілі Әбілхайыр ханнан

бөлініп, Жәнібек пен Керей хандардың ата-баба мекенін тастап Монғолстанға беттегені Асан қайғыға ауыр тиеді. Асан атамекенге деген зор сүйіспеншілігін білдіре отырып, артта қалып бара жатқан қонысын қимай, оның артықшылығын айтып, босып бара жатқан жұртты қайтаруды ойлайды.

Ақылшыл қария Асан қайғы мен толғаушыл жырау Бұқар хандықтың іргесін нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру сияқты елдің ішкі, сыртқы саясатына тікелей араласып, оның шешімін табуда ханға ақыл-кеңес беріп отырған. Асан қайғының Жәнібекке айтқаны, Бұқардың Абылайға айтқан жыр-толғауларынан олардың хан ығында болмай, кей кездері ханды қатты сынағандарын олардың өлең жолдарынан байқаймыз. Асан Қайғының Жәнібек ханға айтыпты деген сөзінен оның болашақты болжаған, ханға жағымпазданбай шындықты айтқанын байқаймыз. Жәнібек ханға арнап айтқан жырда Асан Қайғы ел мұңы мен қамын өмірлік шындықпен астастыра жырлайды. Ханға шындықты айтудан тайсалмайды.

Бұқар жыраудың терең танымдық құндылыққа ие поэзиясы қазақ әдебиетін биікке көтергені анық. Жыраудың әлеуметтік-тарихи жағдайларды жырлаған толғаулары, терең философиялық ой-тұжырымдары қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар шығармалар қатарынан көрінетіні анық. Бұқар өз заманында мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына да араласып ханға кеңес беріп отырған. Бұқар жырау хаға «Соғыссаң кетер сәніңіз» деп, ел тыныштығын сақтай отырып, барлық мәселелерді бейбітшілік жолмен шешуге кеңес береді.

Абылай ханның ел басқарудағы әділ шешімдерін, елге жасаған игілікті істерін, үш жүздің басын біріктіріп жауға қарсы жүргізген ерлік әрекеттерін дәріптеп, құптап отырған.

Хан Абылай атандың

Дүниеден шықпай мініңіз

Алтын тақтың үстінде

Үш жүздің басын құрдыңыз [12, 98].

«Көзі тірісінде «Көмекей әулие» атанған Бұқар жыраудың өзі хан Абылайды ерекшел қастарлаған. Сонымен қатар кейде орын алған кемшіліктерін де жасырмай бетіне басып отыратын болған» [13, 202]. Абылай ханның ақылшысы, кеңесшісі Бұқар жыраудың қажет жағдайда ханның сыншысы бола білгенін жырау өлеңдерін оқи отырып байқаймыз. «Ашуланба Абалый» деп ханды сабырға, елін бірлікке шақырған бітімші ретінде де көрінеді.

XV-XVI мен XVIII ғасырлар аралығындағы қазақ поэзиясында болмыс, әлеуметтік өмір шындығының ұзақ дәуірлер әдеби процесінде қай заманда да сыр қаламай, ақын-жыраулар жырларының арқауы болып, дәуірден дәуірге жалғасып келген үлкен желілі де өзекті мәселе: ішкі тартыс, ел билеушілер мен бұқара өкілдері арасындағы қайшылық, әлеуметтік теңсіздік пен әлдінің нашарға қинат, зорлығы, қанау езгі жайлары. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ

халқы талай қиын-қыстау кезеңдерді басынан өткізген. Көрші елдердің жаугершілік шапқыншылығы, патшалық Ресей империясының саяси идеологиясына негізделген отарлау саясатының жүргізілуі қазақ халқы үшін өте ауыр кезеңдер болды. Қаншама уақытқа созылған Ресей мемлекетінің отарлау саясаты қазақ халқы ұлт ретінде бас көтеруіне көп кері әсер-ықпалын тигізді. «Патша үкіметі түркі елдеріне басып кіргеннен кейін бұл елдердің халықтары дәстүрлі әкімшілік жүйені толығымен жойып, отаршылдық жүйені орнату үшін ұзақ мерзімді перспективада әртүрлі консервативті реформаларды кезең-кезеңімен жүзеге асыру арқылы, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпына, рухани дүниесіне қысым жасай бастады» [14, 189].

Жыраулар поэзиясы – өмір шындығынан сыр шертетін, халқымыздың ғасырлық тарихын өлең сөзбен өргізген әдеби мұра болып табылады. Жыраулар елдің саяси-әлеуметтік тіршілігін көркем тілмен кестелей білген. Өз заманында «Әй, хан, мен айтпасам білмейсің» деп Жәнібекке үн қатқан Асан қайғы «шабылып жатқан халқың бар» дей келе, қиналып жатқан халықтың қамын жеке мүддеден жоғары қою керек екендігін айтады. Ал Бұқар жыраудың жыр-толғаулары Абылай заманының айнасы. Жаугершілік заманда көршілес мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынасты реттеу, оңтайлы саясат жүргізу істеріне ықпал жасап, ханға дұрыс бағыт-бағдар беріп отырған.

Нәтижелер. Қазақ халқы әдебиетінің тарихына көз салсақ, көптеген ақын-жыраулардың шығармашылығынан ел мүддесінің көрініс тапқандығын байқаймыз. Олай болса, ақын-жыраулар мұрасында халық тарихының іздері сайрап жатыр. Жыраулар поэзиясынан талай тарихи тұлғалардың әдебиеттегі бейнесі сомдалып жатты. Сондай-ақ сол замандағы бірқатар тарихи оқиғалар нақты деректермен жыр жолдарына қосылады.

Ақындардың сарай маңында көрінуі шығыс шайырлары өмірінен де байқалады. Сарай маңы ақындарының қозғаған тақырыптары мен ой өрнектері әрқилы болған. Бірі хандар мен сұлтандарды мақтап өлең жазса, енді бір сарай ақындары ел мүддесін ойлап, халық тағдырын шешуге көп үлестерін қосып отырған. Хан сарайы төңірегінде өмір сүріп, ел билеуші хандарға ақыл-кеңес айтып отырған. Қазақ хандық дәуірі әдебиетінде өзіндік орны бар жыраулар әлеуметтік мәні бар, ірі халықтық деңгейдегі келелі мәселелерді жырлаған. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар мен ақындар өз өлеңдерінде елдік, ерлік, заман жайында жыр толғаған. Ата бабадан мұра болып қалып келе жатқан жерді қорғау, ел бірлігін сақтау сияқты мәселелерін жырлаған. Өмір туралы толғана келе гуманистік тұрғыда философиялық-дидактикалық түйін-тұжырымдар жасап отырған.

Жыраулардың көпшілігі сарай маңында, ханның жанында оның кеңесшісі қызметін атқарған тұлғалар. Жыраулар поэзиясында көбінесе ұлттық мүдде, ел бірлігі мәселесі алға шығады, батырлар мен хан бейнелері өлеңмен өріледі. Қазақ халқының атақты жырауы Бұқар Абылай ханның кеңесшісі, ақылшысы

қызметін атқарған. Әйтсе де, ханның сөзін сөйлеп, оған жағыну, мақтап, мадақтау Бұқардың табиғатына тән қасиет емес еді. Ханның ел басқарудағы тарихи маңызы бар әділ шешімдерін қолдап отырған жырау кей жағдайда ханның қатал сыншысы да бола білген.

Қорытынды. Бұқар шығармаларынан жыраудың өзі өмір сүрген қилы заман келбеті айқын танылады. Ел мен жер тағдырына байланысты Бұқар жырау шығармалары ұлы идеяларды алға тартады. Тарихта із қалдырған елеулі оқиғаларды келешек ұрпаққа, жалпы адамзатқа зерделі түрде көркем тілмен жеткізіп, әдеби мұра етіп қалдыру – Бұқар жырау қойған мақсаттың басты негізі. Халқымыздың руханият тұрғысынан жаңарып өркендеуі тікелей әдебиетке байланысты. Әдебиет асыл құндылықтарымыз десек, Бұқар жырау шығармашылығы осы баға жетпес асылдарымыздың бірі.

Қазақ халқының бірегей тарихи-мәдени құбылысы ретінде жыраулар поэзиясы өзіндік биіктігімен көзге түседі. Қазақ халқының дербестігін, жеке мемлекет ретінде күш-қуаттылығын айқындауда да жыраулардың жасаған қызметі орасан зор болды. Елдің ішкі және сыртқы саясатына араласып, ел ісі мәселелерін шешуде маңызды тұлғалық қалып көрсете алды. Өз елінің арман-тілегін, мақсат-мұратын көркем жеткізе білген жыраулар өз шығармаларында өмірлік шындықты боямасыз жырлады. Болашаққа болжай қарап, елдің ертеңіне алаңдаушылық білдірді.

Талдаулар нәтижесінде шығарылатын түйін ретінде айтарымыз: Жыраулар поэзиясынан тәуелсіздік алғанға дейінгі кезең аралығында қаншама ұлы тұлғалар өз елінің тәуелсіздігі үшін жан аямай қызмет етті. Сыртқы жауға қарсы қазақтың басын бір тудың астына біріктірген хандар, халқын азат қыламын деп аттан түспеген батырлар, елінің рухын көтеріп, ұлт санасының оянуы үшін қызмет еткен жыраулар мен ақындар қашанда халықтың алдына шығып, ұлт мүддесін бірінші орынға қоя білген.

Әдебиеттер

1. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тархы. Оқулық. – Алматы: Санат, 2006. – 904 б.
2. Шығыс шайырлары. Бес томдық. Том 1. – Алматы: Дәуір, 2015. – 310 б.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Том 18. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы, 1985. – 448 б.
4. Дәдебаев Ж. Әлішер Науаи // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Абай ғылыми-зерттеу институты Абай институтының Хабаршысы. – 2011. – №4. (10). – Б. 84-91.
5. Омарова С.М. Түркі халықтар поэзиясындағы дидактикалық сарын // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – № 1. – 2022. – Б. 87-92.
6. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
7. Момынова Б.Қ. Мәтінді көркемдеуші тәсілдер: жыраулар тіліндегі метафоралардың түрлері мен қызметі // ҚазақҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – №3 (183). – Б. 22-30.

8. Нұрдәулетова Б.И., Шохаев М.Т., Кенғанова А.Б. Жыраулар поэтикасындағы «шынайы адам» концептісі // *Turkic Studies Journal* 2022, Volume 4, Number 2. –Б. 72-86.
9. Ahmet K. *Türk Edebiyatı*. – İstanbul, 1976, 2. – 752 b.
10. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 236 б.
11. Мағауин М. Қобыз сарыны. XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары. Монография. – Алматы: Атамұра, 2006. – 264 б.
12. Бес ғасыр жырлайды: Екі томдық. [Мәтін]. – Алматы: Жазушы, 1989. 1-том. – 384 б.
13. Әбжет Б. Хан рухын алаштан асқақтатқан // *Түрkiология*. – 2013. – №2. – Б. 89-96.
14. Nodirkhon Khasanov, Torali Kyrgyz, Hamidulla Tadzhiev. *Yüzyılın Sonu ve 20. Yüzyılın Başındaki Türkistan Dinî-Maarifî Edebiyatına Bir Bakış (seryâmî, Muhayyir, Hazinî Örneği)* Sayı 101 (2022): *Türk kültürü ve hacı bektaş velî araştırma dergisi*. – B. 187-209.

М.Ә. КАЙИМОВ, У.Б. ИБРАГИМОВА

Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

Н.С. ХАЛИКОВА

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ СТИХОТВОРЕНИЙ БУХАР ЖЫРАУ, ПОСВЯЩЕННЫХ АБЫЛАЙ-ХАНУ

Аннотация. В данной статье творчество Бухар-жырау стало предметом систематических исследований. Проанализированы высказывания Бухара, раскрыты аспекты, связанные с политическими делами Бухара, его образ в литературе, который тесно связан с легендарным казахским ханом Абылаем. Советник хана Бухар-жырау выступает объединителем, защищающим общеплеменные и государственные интересы. Бухар-жырау – человек, живший в период зарождения казахского народа, умеющий своими песнями отвечать на сложные политические вопросы того времени. Жырау давал советы Абылай-хану по вопросам управления страной и указывал правильный политический вектор развития. Своими произведениями он пытался объединить свой народ под одним знаменем в борьбе с врагом-захватчиком. Бухар-жырау своими социально-политическими песнями стал идейным вдохновителем своего народа.

В статье раскрываются политические взгляды Бухар-жырау, социальные мотивы в его произведениях. Анализируются стихи жырау, написанные для Абылай-хана. Делается вывод, что жырау, написавший известные социально-политические стихи, служил в окрестностях дворца, но не относился к касте придворных поэтов. Исходя из опыта мировой литературы, можно выделить когорту поэтов, которые служили в ханском дворце и занимались творчеством. Среди них были классик литературы тюркских народов Науаи, представители турецкой литературы Махмут баки, Ахмед Недим Эфенди и дворцовые поэты хана в казахской литературе как Жанузак, Байток и.д.

Ключевые слова: поэзия, история, личность, литература, жырау, историческая правда, творчество, придворный поэт

M.A. KAYIMOV, U.B. IBRAGIMOVA

M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

N.S. KHALIKOVA

South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

THE MAIN FEATURES OF BUKHAR ZHYRAU'S POEMS DEDICATED TO ABYLAI KHAN

Annotation. The work of Bukhara in Kazakh poetry has become the garbage of systematic research is described In this article. In the given article analyzed creativity of Bukhar, aspects of Bukhara's participation in solving cases are revealed and images are revealed as an adviser to Abalai Khan. Bukhar zhyrau was a man who lived in the difficult time of the Kazakh people and was able to quickly respond to difficult technical times. Zhirau gave advice to Abylai Khan on the affairs of the country and pointed out the right path in the affairs of the country. With his works, he tried to unite his people under one banner in the fight against the invading enemy. Bukhar zhyrau, with his political and social songs, became the singer of the passionate struggle of his country. The article reveals the political and social views of Bukhar zhyrau, reveals the social meaning of the works of zhyrau, which have become the battle cry of the country on difficult becoming of the country. Poems written by Zhyrau for Abylai Khan are analyzed. It is concluded that Zhyrau, who wrote poetry of political and social significance, served at the palace, but was not a palace poet. If we look at world literature, we can find poets who worked in different areas and served at the khan's court in each period. Navoi who was a classic of the literature of the Turkic peoples, representatives of Turkish literature Mahmut Baki, Ahmed Nedim Efendi and others and the poets of the palace district in Kazakh poetry Januzak, Baytok and others. Focusing on the work of poets, on the basis of his works, a person who cares about the people of Bukhara is revealed.

Keywords: poetry, history, personality, literature, joy, historical truth, creativity, court poet

References

1. Süiınşäliev H. Qazaq ädebietniñ tarhy. Oqulyq. – Almaty: Sanat, 2006. – 904 b.
2. Şyğys şaiyrlary. Bes tomdyq. Tom 1. – Almaty: Däuir, 2015. – 310 b.
3. Äuezov M. Jiyрма tomdyq şyğarmalar jinaғы. Tom 18. Zertteuler, maqalalar. – Almaty, 1985. – 448 b.
4. Dädebaev J. Älişer Nauai // Äl-Farabi atyndaғы Qazaq Ülttyq universiteti Abai şylymi-zertteu instituty Abai institutyның Habarşysy. – 2011. – №4. (10). – B. 84-91.
5. Omarova S.M. Türkı halyqtar poeziasyndaғы didaktikalыq saryn // Eurazia

- gumanitarlyq institutyň Habarşysy. – № 1. – 2022. – B. 87-92.
6. Äuezov M.O. Ädebiät tarıhy. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 240 b.
 7. Momynova B.Q. Mätındı körkemdeuşı täsilder: jyraular tılındegı metaforalardıñ türleri men qyzmetı // QazaqŪU Habarşysy. Filologia seriasy. – 2021. – №3 (183). – B. 22-30.
 8. Nürdäuletova B.İ., Şohaev M.T., Kenğanova A.B. Jyraular poetikasyndağy «şynaıy adam» konseptısı // Turkic Studies Journal. – 2022, Volume 4, Number 2. – B. 72-86.
 9. Ahmet K. Türk Edebiyatı. – İstanbul, 1976. – 752 b.
 10. Mūqanov S. Halyq mūrasy. – Almaty: Qazaqstan, 1974. – 236 b.
 11. Mağauin M. Qobyz saryny. HV-HVIII ğasyrlarda jasağan qazaq aqyn, jyraulary. Monografia. – Almaty: Atamūra, 2006. – 264 b.
 12. Bes ğasyr jyrlaidy: Eki tomdyq. [Mätin]. – Almaty: Jazuşy, 1989. 1-tom. – 384 b.
 13. Äbjet B. Han ruhyn alaştan asqaqtatqan // Türkiologia. – 2013. – №2. – B. 89-96.
 14. Nodirkhon Khasanov, Torali Kyryr, Xamidulla Tadzhiev. Yüzyılın Sonu ve 20. Yüzyılın Başındaki Türkistan Dinî-Maarifî Edebiyatına Bir Bakış (seryâmî, Muhayyir, Hazinî Örneği) Sayı 101 (2022): Türk kültürü ve hacı bektaş velî araştırma dergisi. – B. 187-209.

Авторлар жайлы мәлімет:

Кайимов Мұхамеджан Әбдіхалықұлы – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің докторанты, Шымкент, Қазақстан.

Кайимов Мухамеджан Абдикалыкович – докторант Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Қазақстан.

Kayimov Mukhamedzhan Abdikalykovich – doctoral student, M. Auevov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.

Халикова Нурида Сатыбалдықызы – филология ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан.

Халикова Нурида Сатыбалдиевна – кандидат филологических наук, старший преподаватель Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, Шымкент, Казахстан.

Khalikova Nurila Satybaldievna – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan.

Ибрагимова Улбала Бахтияровна – филология ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің доценті, Шымкент, Қазақстан.

Ибрагимова Улбала Бахтияровна – кандидат филологических наук, доцент Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

Ibragimova Ulbala Bakhtiyarovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, M. Auevov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan.

FTAXP17.82.32

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.23>***Н.Б. САЙФУЛЛАЕВА¹** **Қ.Р. КЕМЕҢГЕР²** **Д. КЫНАДЖЫ³** 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан^{1,2}
Анкара Хаджи Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия³
(e-mail: naz_s.b@mail.ru¹, kkemenger@mail.ru², camiyla@gmail.com³)

**ДЕТЕКТИВ ЖАНРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ
АУДАРЫЛУ ТӘЖІРИБЕСІ
(Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы»
әңгімесі бойынша)**

Аңдатпа. Әдеби шығарманы аудару өзге мәтін түрін аударудан гөрі қиынырақ, себебі онда эстетикалық және экспрессивті деп аталатын ерекше құндылықтар бар. Шығарманың эстетикалық функциясы сөздердің (дикиялардың) сұлулығын, тілдің бейнесін, метафораны, ал экспрессивті функциялар жазушының ойын (немесе ойлау үрдісін), эмоциясын білдіруі керек. Бұл жағдайда аудармашы шығарманың түпнұсқасына эмоционалды және интеллектуалды жауап бере отырып, аударманың сәтті жасалуы үшін өз таланты мен тілдік қорын, сөз байлығын шебер қолданады. Қазақ әдебиетінде детектив жанрының дамуы ағылшынның көрнекті жазушысы Артур Конан Дойлдың (1859-1930) шығармашылығымен тікелей байланысты. Ирлан тектес қаламгердің бүкіл әлемге танымал еткен әдеби кейіпкері Шерлок Холмстың оқиғалары қазақ оқырманына да мәлім. Мақалада Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» детективті әңгімесінің 2011 жылы Құрманғазы Қараманұлы аударған қазақша тәржімасы талданады. Аудармашы Конан Дойлдың шығармаларын орыс тілінен қазақ тіліне аударғандықтан, екі тілдегі нұсқа салыстырылады, түпнұсқа мен қазақ тіліндегі шығарма поэтикалық жағынан қарастырылады.

Аудармаларды талдау барысында детективтік әңгімелердің қазақ ортасына бейімдеуге бағытталғаны, аударуда қолданылған әртүрлі тәсілдер мен ерекшеліктер сараланады. Конан Дойл туындысының негізгі элементтері – әңгіме атауынан баяндаушының бейнесіне дейін, басты кейіпкерлердің сипаттамасы, сондай-ақ сюжеттің кеңістік-уақыттық параметрлері қазақ тіліне қалай аударылғаны туралы талдау беріледі.

Түйін сөздер: көркем аударма, қазақ әдебиеті, ағылшын әдебиеті, әдеби байланыс, Артур Конан Дойл, Шерлок Холмс, қылмыстық оқиға, сюжет, кейіпкерлер, салыстырмалы талдау, поэтикалық сәйкестік.

Кіріспе. Қазіргі кезде мемлекеттік тілді қолдану мен дамытуда негізгі екі бағытқа басымдық берілуде. Оның бірі – мемлекеттік тілді оқыту болса, екіншісі – іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу. Мемлекеттік тілді ғылымның немесе қоғамның кез келген саласына енгізу жұмыстарындағы маңызды бағыттың бірі – аударма ісінің қажеттілігі. Себебі аталған екі бағытты жүзеге асыруда аударма үрдісінің алдан шығатыны айдан анық. Оның үстіне, тіл – ең алдымен, халық пен халықтың, ел мен елдің бір-бірімен күнделікті тіршілікте қарым-қатынас жасауының құралы. Екіншіден, әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастар тілсіз жүрмейді, соған тікелей тәуелді. Үшіншіден, адамзат қоғамы дамуының басты көрінісі ғылым екендігін ескерсек, ғылыми-технологиялық жаңалықтармен танысуына, оны игеруіне аударма керек. Әрбір халық әлем бейнесін өнерінде, ғылымында, салт-дәстүрінде өзінше бейнелейді. Дегенмен «әлем бейнесінің» нағыз көрінісін тіл арқылы ғана жеткізуге болады [1, 3]. Әр халықтың әлемді тілде бейнелеуін зерделеу үшін сол ұлттың тарихымен, ділімен, барлық өнер шығармашылығымен, дүниетанымымен таныстық болуы қажет. Ол дегеніміз – әр ұлттық әдебиет өзге әдебиеттермен байланысқа түсіп, сол елдің әдебиетінің тәжірибесін өз бойына сіңіре отырып үздіксіз кемелденуі.

Әдеби байланыс – бір әдебиеттің екінші әдебиет әлеміне енуі, әр жеке ұлттық әдебиеттің, оның ішінде әлемдік әдеби үдерістің дамуына үлес қосатын маңызды сәті [2, 6]. Ол үшін басқа тілдердегі әдебиет жауһарларын, публицистикалық шығармаларды қазақ тіліне, қазақ ақын-жазушыларының дүниелерін басқа тілдерге аудару керек, ал оны жүзеге асыру үшін – білгір ұстаздар мен білікті мамандар қажет екені сөзсіз. «Ел – ұлсыз болмас, жер – гүлсіз болмас» дегендей, қазақ әдебиетінің дамуына, оның ішінде, көркем аударма теориясы мен әдістемесін зерттеуде С. Сейітовтің «Әдебиеттер достығы» (1965), И.Х. Ғабдировтың «Кеңес дәуіріндегі орыс-қазақ әдеби байланыстары» (1968), Ш.Қ. Сәтбаеваның «XIX ғ. мен XX ғ. бірінші жартысындағы қазақ-еуропа әдеби байланыстары» (1971), Ә. Қоңыратбаевтың «Көне түркі поэзиясы және қазақ фольклоры» (1972), Х. Бапаевтың «Қырғыз-қазақ, қазақ-өзбек әдеби байланыстары» (1975), Б. Ысқақовтың «Қазақ-татар әдеби байланысы» (1976), С. Тойшыбаеваның «Қазақ-қарақалпақ әдебиеттерінің байланысы» (1977), М.Х. Маданованың «XX ғасырдағы қазақ-француз әдеби байланыстары және салыстырмалы әдебиеттану проблемалары» (1999), Б. Түсіпованың «Ағылшын тілді жазушылар әңгімелерін қазақ тіліне аударудың ұстанымдары мен тәжірибесі» (2008) сынды еңбектерді ескереміз. Сонымен қатар, тақырып бойынша, қазақ тілтанымында, әсіресе көркем әдебиет стилі мен публицистика стилі (оның ішінде мерзімді басылымдар тілі), ауызекі сөйлеу тілі стилі диахронды және синхронды тұрғыдан зерттегендер Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев, Е. Жанпейісов, Б. Әбілқасымов, Р. Әміров, Б. Шалабай, А. Алдашева, Б. Момынова еңбектерін қаперде ұстаймыз [1, 127].

Қазақтың көрнекті әдебиеттанушы ғалымдарының еңбегінде әдеби байланыс мәселесі назардан тыс қалмады. Мысалы, академик Р. Нұрғали әлемдік әдебиеттің даму типологиясының маңызды мәселелерін зерттеді [3]; Ш.Қ. Сәтбаева «XIX және XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-еуропа әдеби байланыстары» (1972) атты кітабында қазақ ғалымы Ш. Уәлихановтың Шекспирдің өнерін құрмет тұтқанын, оның ішінде «Гамлет» трагедиясын ерекше қабылдағанын жазды [2, 84].

Артур Конан Дойлдың шығармашығы ұзақ уақыт бойы дамып келе жатқан детективтік жанрдың қалыптасуы мен эволюциясына айтарлықтай үлес қосқан жазушылар қатарына жатқызуға мүмкіндік береді. Детектив – ағылшынның «detect» сөзінен шыққан, қылмысты ашу үрдісін бейнелейтін жанр. Детективтің әдебиетте жанр ретінде қалыптасуында өзіндік ұзақ тарихы бар. Ол ежелгі дәуірден бастау алып, ортағасырлық қорқынышты әңгімелерде, XVII ғасырдағы Гайо де Питавалидың «Әйгілі процестер» жинағында, сондай-ақ XIX ғасырдың готикалық романдарында кездеседі. Дегенмен, бұл жанр өзінің әртүрлі вариацияларында ғана қолданылып келді. Кейіннен тек XIX ғасырда әйгілі жазушылар оны көркемдік орта ретінде қолдана бастаған кезде танымал бола бастады [4, 214]. Соның ішінде, детективтің өзіндік жанр ретінде қалыптасуына түрткі болған американдық жазушы Эдгар Аллан Поның «Морг көшесіндегі өлім» шығармасы еді. Негізінен детективтік жанрда жалпыға бірдей танылған теория жоқ. Кейбіреулер оны интеллектуалды сөзжұмбақтың бір түрі деп атаса, басқалары әдебиет пен ойынның үйлесімділігі, ал кейбірі – тәртіп сақшыларының өмірі туралы өндірістік роман деп сипаттады. Алайда детектив элементтері үлкен ұлттық әдебиеттердің ажырамас бөлігі болып табылады. Мысалы оған француз әдебиетінде О. Бальзактың, ағылшында – Ч. Диккенс романдарын жатқыза алмыз.

Детективті ерекше жанр ретінде теориялық тұрғыдан қарастырған ағылшын жазушысы Г.К.Честертон болды. Ол бұл пікірін 1902 жылы «Детективтік әдебиетті қорғау» атты еңбегінде жазды. «XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың бірінші жартысындағы детективтік әдебиеттің әлеуметтік-эстетикалық феноменін зерттеу» көптеген авторлардың, соның ішінде орыс аудармашылары А. Грамски, Б. Брехт, С.М. Эйзенштейн және К. Чуковскийдің назарын аударды [5, 90].

Детективтік әдебиет – фактілерді логикалық талдау арқылы, құпия қылмыстарды ашуға арналған көркем шығармалар қатарына жататын әдебиеттегі жанр. Онда оқиға, эпизод, деталь өте белсенді қызмет етеді. Даудың басы әділетсіздікпен бетпе бет келуден негіз алып, соңы қылмысты шешу арқылы әділдікпен аяқталады. Детективтік әдебиеттің гүлденуі капиталистік қоғамда орын алған қарама-қайшылықтардың айтарлықтай күшеюімен, сондай-ақ әлеуметтік әділетсіздікті айыптаған жаппай оқырманның пайда болуымен тікелей байланысты. Сонымен бірге, мұндай танымалдылық алғаш

рет XIX ғасырдың ортасында оқырмандардың роман жанрына деген қызығушылығынан бастау алған [6, 272].

Қазақ әдебиетінде «детектив» жанры кенже дамыды. Себебі, қазақ әдебиетіндегі классикалық проза жанры XX ғасыр басында ғана қалыптасты. Осы кезеңде ұлттық баспасөз өмірге келді. Алғашқы газет, журналдарда прозалық шығармалар жариялана бастады. 1906 жылдан бастап «Серке» газеті шықты. Бастапқы прозалық шығармаларда детектив мазмұны қамтылмады. Өйткені қоғам тынысы әдебиетте басқа тақырыптардың суреттелуін қажет етті. Соның ішінде ағартушылық, әйел теңсіздігі, отаршылдық тақырыптары қамтылды.

Қазақ әдебиетінде детектив жанрының негізін қалаған қаламгердің бірі – Кемел Тоқаев. К. Тоқаевтың суреткерлік биік деңгейін, шеберлігін көрсететін көлемді туындысының бірі – «Солдат соғысқа кетті» романы [7]. Жазушы бұл еңбегінде өмір шындығын, майданға бара жатқан жолдағы ойларын, көзқарасын, аман оралу тілегін әңгімелеген.

Оқырманның детектив жанрына деген қызығушылығы ағылшын тіліндегі әңгімелерді орыс, қазақ тілдеріне аударған кезден бастап оянды. Аударма тарихы талай ғасырларды қамтығанымен ағылшын детективтерін қазақ тіліне аудару қарқыны XX ғасырдың еншісіне тиесілі [8]. Әлемдік мәдени және экономикалық кеңістікке интеграциялануға берік бағыт алған қазіргі заманғы қазақстандық қоғам барлық базалық құзыреттерге ие жоғары білікті аудармашыларға аса мұқтаж. Алғашқы қазақ аудармашылары сатылы аударма тәсілін пайдаланғанымен де, олардың аударма еңбектері арқылы қазақ оқырманы Шерлок Холмспен және қылмыстық оқиғаларды асқан шеберлікпен баяндаған озық шетел жазушыларының туындыларымен өз ана тілінде танысты. Олардың қатарына Ә. Ахметов, Қ. Қараманұлы, А. Ақжүнісов, С. Сүлейменов, А. Тәжітов сынды аудармашыларды кіргіземіз.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Ағылшын прозасының аудармадағы жай-күйін анықтау үшін салыстырмалы-тарихи талдау, жинақтау, анализ жасау, дәстүрлі сипаттамалық және танымдық тұрғыдан баяндау әдістері қолданылды.

Поэтикалық мәтін аударма пәні ретінде көп қабатты және көп компонентті болып келеді. Поэтикалық аударма теориясы мен тәжірбиесінің ең даулы және өзекті мәселелері – балама негіздерін іздеумен және бағалау жүйесі мен параметрлер деңгейлерін нақтылаумен байланысты. Әдеби аударма өзін-өзі қамтамасыз ете алатын шығармашылық құндылық. Когнитивті прагматикалық мәселелерді шешуде коммуникативті және ақпараттық аспектілерді, сонымен бірге тарихи-мәдени, көркемдік және эстетикалық сипаттағы интеллектуалды және шығармашылық міндеттерді қолданады. Түпнұсқа және аударылған көркем мәтіндер тезисі кез-келген әдебиетті байытады және толықтырады, бұл тұрғыда оның органикалық бөлігіне айналып

сұранысқа ие болады. Сонымен қатар, басқа тілдерге аударылу құрметіне ие болған ұлттық әдебиет пен мәдениеттің үлгілері іштей және сырттай «байытылады». Әрине, аударма қарым-қатынастың екінші түрі және мақсатты тіларалық интерпретация ретінде басқа тілдегі поэтикалық мәтінді қайта құру, түзету, түрлендіру, шет тілінде бейнелеу ретінде бағаланады [9, 203]. Бұл әрекеттердің барлығы көркем аударма процесінде жүзеге асырылып, түпнұсқаға сілтеме көрсетіледі, яғни бастапқы мәтінмен тығыз байланысты поэтикалық мәтіндердің мәдениетаралық қарым-қатынастағы парадигматикалық тобы құрылады.

Аудармаға дайындық кезінде дискурстың мазмұнды талдауы бастапқы ақпараттың тарихи және мәдени, семантикалық аспектілерін терең зерттеуге және сөйлеу әрекетінің ерекше құбылыстарын түсіндіруге бағытталуы мүмкін. Поэтикалық мәтін кем дегенде үш құрылымдық макро компонентті – мәдени, лингвистикалық және эстетикалық компоненттерді қамтитынын ескеру қажет. Сонымен қатар, поэтикалық мәтін белгілі бір функционалды және эстетикалық жүйе ретінде өзіндік сипаттамаларға ие [10, 386].

Талқылау мен бақылау. А.К. Дойлдың детективтік шығармаларының алғашқы аудармалары ХХ ғасырдың орта шеңінде орындалғанына қарамастан, ағылшын жазушысының шығармашылығына шынайы қызығушылық ХХІ ғасырдың басында оянды. Осы кезеңде «баспа ісінің гүлденуі» оқырман қажеттіліктерін қамтамасыз етті. Баспа өнімдерінен оқырмандар өздеріне ұнаған орыс және шетелдік жазушылардың шығармаларын таба бастады [11, 73]. Осыған байланысты оқырмандарды жаңа шетелдік әдебиеттермен, оның ең жақсы үлгілерімен таныстыратын аудармашы мамандығы ерекше сұранысқа ие болды. В.А. Скороденконың пікірінше, «Конан Дойлдың кітаптары қайта-қайта оқылатын болады, өйткені олар көркем әдебиеттің барлық артықшылықтарына ие: фантастика мен шытырман оқиғаларға бай және қарапайым баяндау тәсілімен оқыған сайын адамды баурап алады» [12, 5]. Әлем халқы Конан Дойлды талантты баяндаушы ретінде таныды, ал оның басты кейіпкері Шерлок Холмс күні бүгінге дейін бүкіл әлемде өлмес әдеби тірі кейіпкерге айналды. Шерлок Холмс туралы әңгімелерге деген оқырманның қызығушылығын сюжеті бар көркем шығармалармен, сондай-ақ логикалық жұмбақ шешумен түсіндіруге болады. Мұндай жұмыстарға Конан Дойлдың 1891 жылы тамызда «Strand Magazine» журналында жарық көрген, Шерлок Холмс туралы детективтік поэтиканы жүзеге асыру тұрғысынан ең танымал әңгімелердің бірі ретінде жазылған «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесі де кіреді. Бұл шығармасын «Шерлок Холмстың 12 үздік оқиғалары» жинағына енгізіп, оны екінші орынға қояды. «Жирен шаштылар қауымдастығы» - бұл ерекше сюжетке, шебер әңгімеге және тергеудің қызықты барысына негізделген қылмыстық оқиға туралы ең қызықты шығармалардың бірі [13]. Әңгіме классикалық детективтің керемет үлгісі болып саналады. Онда автор моральдық

сипаттағы өзекті мәселелерге, ағылшын өмірінің құқықтық аспектісіне назар аударады. Әңгіме элеуметтік мәселелерге, атап айтқанда, XIX ғасырдағы банк тонау қылмысының етек жаюына, патша тұқымының сол дәуірдің заңы мен саясатын елемеуіне негізделген. Осы әңгімені бізге қазақ тілінде ұсынған Құрманғазы Қараманұлы болды. Ол Артур Конан Дойлдың шығармаларын түпнұсқадан аудармай, К. Чуковскийдің орысша аудармаларын пайдаланған. Сондықтан түпнұсқаны екі аудармамен қатар алып отырып, салыстыратын боламыз.

«Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі басты кейіпкер – жирен шашты Джейбез Уилсон. Оның шағын несие беретін дүңгіршегі бар. Бірнеше апта бұрын Винсент есімді жас көмекшіні жұмысқа алған. Жұмысқа олақ болғанымен, төлейтін айлықтың жартысын қанағат еткендіктен ойланбастан өз қол астына алады. Бірақ күнделікті күйбең тіршіліктерін газеттегі хабарландыру бұзады [13, 2].

Д.Л. Сайерс айтуынша әңгімедегі көрсетілген күндер өткен уақыт туралы кейіпкерлердің сипаттамасымен сәйкес келмейді. Уилсон хабарландыруды көрген күн – 1890 жылы 27 сәуір десе, ол 8 апта бойы жұмыс істеді, «екі ай бұрын» десек, бұл маусым айының соңы. Алайда, сюжеттің басында Холмстың Уилсонмен кездесуі «өткен жылдың бір күзінде» деп сипатталады, ал қауымдастықтың таратылуы туралы есеп беретін күн 1890 жылы 9 қазанда, бұл хабарландыру жарияланғаннан кейін алты ай өткеннен соң. Дороти Л. Сайерс бұл сәйкессіздікті талдап, күндер сәйкесінше 4 тамыз және 4 қазан болуы керек деп мәлімдеген [5, 214].

«Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесінің Құрманғазы Қараманұлы аударған сатылы аудармасына салыстырмалы талдау жасау барысында, бірнеше ерекшеліктер мен сәйкестіктер табылды [14]. Мысалы, «I had called upon my friend, Mr. Sherlock Holmes, one day in the autumn of last year and found him in deep conversation with a very stout, florid-faced, elderly gentleman with fiery red hair» деп басталған құрмалас сөйлемді, қазақша аудармада «Былыр күзде орайы келіп байырғы досым мистер Шерлок Холмсқа кіре шыққам. Үйінде мосқал тартқан, шамадан тыс толық, жалындай түтеген жирен шашты бір джентльмен отыр екен» – деп екі жай сөйлеммен берген. Ал тура аудармасы «Өткен жылдың күзіндегі бір күні мені досым Шерлок Холмс шақырғанда, оны шамадан тыс толық, қызыл шырайлы келген, егде жастағы жиреншашты джентльменмен қызу әңгіме үстінен таптым» болады. Сатылы аудармада Уотсон Шерлоктың үйіне өзі барғандай аударылған, бірақ түпнұсқа бойынша оны Шерлоктың өзі шақыртады. Сөйлемдегі байырғы, үйінде деген сөздер түпнұсқада жоқ және түпнұсқадағы «florid-faced» (қаз. қызыл шырайлы) сөзі қазақша көркем аудармада да, орысша нұсқасында да ұмыт қалған. «With an apology for my intrusion, I was about to withdraw when Holmes pulled me abruptly into the room and closed the door behind me» сөйлемінің қазақша аудармасына

тым еркіндік бергенін байқауға болады. Қазақша аударма «Ішке кіргім келгенімен екеуара әңгіменің қызып жатқанын көріп іркіліп, қайтып кетпек болдым. Алайда Холмс мені бөлмеге сүйрегендей боп кіргізіп, соңымнан есікті жауып алды» деп тәржімаланады. Тура аудармасында «Басып кіріп келгенім үшін кешірім сұрап, қайтайын дегенімде, Холмс мені кенеттен бөлмеге қарай тартып, артымнан есікті жауып алды» деп аударылады. Әңгіменің қызып жатқаны бірінші сөйлемде айтылған болатын. Көркем аудармада кенеттен кіріп келгені үшін кешірім сұрағаны туралы да берілмеген. Сонымен қатар, аудармада құрмалас сөйлемді тағы да екі жай сөйлеммен берген. Бұның себебін аудармашының орысша көркем аударманы «Я хотел было войти, но увидел, что оба они увлечены разговором, и поспешил удалиться. Однако Холмс втащил меня в комнату и закрыл за мной дверь» қолданғанымен түсіндіреміз [15, 2].

Мұндағы тілге тиек етері, түпнұсқа орыс тілінен қазақ тіліне аударылған орыс тілді әдебиеттің аудармалары қазақ тілінде сөзсіз жауһар аудармалар болды. Мысалға: А.С. Пушкиннің, Л.Н. Толстойдың, Н.А. Некрасовтың екі томдықтары, С. Есенин бастаған орыс ақындарының таңдамалы жинақтары. Бұлардың барлығы – таңдаулы ақын-жазушыларымыздың біріккен аудармасымен арнайы сараптамадан өтіп, жарық көрген дүниелер. Ал орыс аудармасы арқылы қазақ тіліне аударылған ағылшын, неміс, француз, қытай және т.б. өзге де тілдер әдебиетінің сапасы орыстың аудармашыларына тікелей қатысты [16]. Негізгі гәп олардың орыс тіліне қалай аударылуында. Себебі қазақ әдебиетіндегі Махамбеттің жетік аудармасын орыстар әлі күнге дейін көрсете алған жоқ. Сондықтан басқа аудармаларға да солай күдікпен қарауға болады.

«You could not possibly have come at a better time, my dear Watson,» he said cordially – деген сөйлемнің қазақша көркем аудармасы өте сәтті аударылған деуге болады. Орысша көркем аудармада «Вы пришли как нельзя более кстати, мой дорогой Уотсон, – приветливо проговорил он» – деп берілген. Тура аудармасы «...«Сіз бұдан жақсырақ уақытта келе алмас едіңіз, қымбатты Ватсон», – деді ол шын жүректен» болар еді. Қазақша сатылы аударма ұтымды сөз тіркесімен «Іздегенге сұраған дегендей, нағыз керек кезде келдіңіз, қадірменді Ватсон, – деді ол жайдарылана езу тартып» – деп аударылған. Қазақша нұсқаның кемшіліксіз шығуы Қ. Қараманұлының жазушы әдіс-тәсіліне мұқият зер салғанын көрсетеді. Кейіпкер психологиясына қатысты кейде түпнұсқада жоқ болса да аударма нұсқада ой астарын жарыққа шығара баяндаудың да жақсы нәтиже беретіні, жазушы стилін жеткізу мен тәржімашы стилін анықтауда сөйлемдегі дыбыстық қайталаулардың, қаратпа сөздер, қыстырма мен одағайлардың да интонация мен ырғақ аясында үлкен рөл атқаратыны, баяндау тартымдылығын арттыра, көркемдік әсерді күшейте түсетіні аңғарылады. Әрбір жазушының өзіндік ырғағы бар – дейтін (А. Злобин) болсақ, онда тәржімашының да өзіндік ырғағы болуы заңды құбылыс және сатылы аударма жағдайында тәржімашының бір емес, бірнеше ырғақтар

тұтастығына кездесуі табиғилық болады [17]. «Then I can wait in the next room» хабарлы сөйлем – орысша «Не лучше ли мне подождать в другой комнате?», қазақша «Басқа бөлмеге барып тоса тұрсам қайтеді?» деп аудармалар сұраулы сөйлем ретінде берілген. «Can» модальды етістігі мүмкіндікті білдіргендіктен сөзбе-сөз «Онда мен келесі бөлмеде күте аламын» деген мағынаны білдіреді. «The stout gentleman half rose from his chair and gave a bob of greeting, with a quick little questioning glance from his small fat-encircled eyes» сөйлемінің тура аудармасы «Алып джентльмен орындығынан жартылай көтеріліп, кішкентай май басқан көздерімен қиық тастап, сәл сұраулы көзқараспен сәлем берді» деп аударылады. Көркем аудармада «Орындығынан көтеріле түскен жуантық маған қарап басын изеді, май басып жылтырап қалған көзі тұла бойымды тіміскілей шолып шықты» деп тәржімаланған. Сондай-ақ, түпнұсқада жоқ нәрсенің аударма нұсқада болуы, яғни аудармашының жанынан қосуы да кездеседі. Мәселен: «I know, my dear Watson, that you share my love of all that is bizarre and outside the conventions and humdrum routine of everyday life» – «Я знаю, мой дорогой Уотсон, – сказал он, – что вы разделяете мою любовь ко всему необычному, ко всему, что нарушает однообразие нашей будничной жизни» – Қадірменді Уотсон, – деді ол, – әдеттен тыс, шетін нәрсе атаулының, бірсарынды тіршілігіміздің шырқын бұзатын нәрсе атаулының бәріне айрықша бейіл беретінімді сөкет көрмейтініңіз маған бек жақсы мәлім. Тура аудармасы «...«Қымбатты Уотсон, сіз менің күнделікті өмірдегі конвенциялар мен қарапайым әдеттерден тыс және оғаш нәрселерге деген сүйіспеншілігіммен бөлісетініңізді білемін» болар еді. «A proposition which I took the liberty of doubting» сөйлемінің жанама аудармасы «Сол араның өзінде-ақ пікіріңіздің дұрыстығына шәк келтіргім келетінін айтып жауап қайтарғам» мүлдем басқа мағына береді. Сөзбе-сөз аудармасы «Менің күмәндануыма ерік берген жағдай». «When, in addition, I see a Chinese coin hanging from your watch-chain, the matter becomes even more simple» – «Сағатыңыздың шынжыр бауына тағылған қытай теңгесін көріп, Қытайда болғаныңызға ақи-тақи көз жеткіздім» сөйлемінде «the matter becomes even more simple» қазақ тіліндегі аудармада «ақи-тақи көз жеткіздім» деп аударылады. Түпнұсқада «бұл жағдайды түсіну тіпті қарапайымырақ болды» деп берілген. Тағы бір байқалатын жайт: қанатты сөздер мен нақылдардың түпнұсқа болсын, аударма болсын өз ана тілдерінде берілуі. Мысалы, «Omne ignotum pro magnifico», you know, and my poor little reputation, such as it is, will suffer shipwreck if I am so candid – Как вам известно, «Omne ignotum pro magnifico», и моей скромной славе грозит крушение, если я буду так откровенен... – «Omne ignotum pro magnifico» дегенді білесіз ғой, бұлайша ағымнан жарыла берсем болмашы абыройымның аяқ-асты болатын түрі бар... Мұнда қазақша «ағынан жарылу» сөз тіркесі «ашыла беру» тура мағынасының орнына оңтайлы қолданылған. «Аяқ-асты» сөзі де «нұқсан келу» сөзінің орнына жұмсалған. Қазақша әдеби сөз тіркестерін қолдану аударманың

түпнұсқадағы мағынасынан ауытқытқан жоқ, керсінше сөйлемнің қазақ оқырманына түсінікті, әрі бейнелі берілуіне мүмкіндік берді. Міне осылайша көркем аударма өнеріндегі түпнұсқа табиғатын, ондағы суреттелген өмір бейнесінің шынайылығын терең сезіну мен сөз өрнегінің нәзіктік, әрі беріктік сырын тәржімашының терең ұғынуы, оның өз оқырманының тіліне деген құрметі мен сүйіспеншілігі бой көрсетеді. Бұл тұрғыда А. Байтұрсынұлы ұстанған аударма қағидаттарды Қ. Қараманұлы тиімді қолданғанын байқаймыз: ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу; егер ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу, жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек; қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек [18, 39].

«It is The Morning Chronicle of April 27, 1890» – «Утренняя хроника». 27 апреля 1890 года – «Морнинг кроникл», мың сегіз жүз тоқсаныншы жылғы жиырма жетінші көкек. Бұл аудармалардан байқайтынымыз газеттің атауы орысша аудармада «morning» сөзі өз тілдеріне аударылып берілсе, қазақшада аударылмай дәл сол атауымен «морнинг» және ай мен жылдар да санмен емес, жазумен берілген. Көркем аудармада кездесетін ұлттық ерекшеліктерді білдіретін реалии сөздер аталмыш аудармада, қабылдаушыға прагматикалық бейімдеу үшін транслитерация арқылы берілген. Транслитерация (латынша trans – арқылы littera – әріп). Белгілі бір алфавитпен жазылған жекелеген сөздерді немесе мәтінді екінші бір алфавиттің әріптерімен таңбалау. Транслитерацияны қолданудың сәйкестілігіне баға бере отырып, ұлттық ерекшелікті жеткізу қабылдаушыға қаншалықты маңызды екенін анықтап алған жөн. Бұдан шығатын қорытынды: Қ. Қараманұлы орысша аудармамен ғана емес, түпнұсқамен де қатар жұмыс жасаған. Онда тек орысшадан аударылған деп айтуымыз қателік болады. Тәржімашы орыс тілінен қазақ тіліне аудару кезінде көркем шығарма түпнұсқасын, түпнұсқадағы көркем шындықты өзіне негізгі тірек етіп алады. Түпнұсқа көркем шындығына сай кей тұста еркіндікке де барады.

Нәтижелер. А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде айтқандай, «тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарар. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын...» [19, 10]. Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді. Шығарма авторы мен оқырманға, түпнұсқа көркемдігі, тілі мен шығарма аударылып отырған тілге деген адалдықты таразының екі басындай тең ұстауға тырысқан Қ. Қараманұлы аударма нұсқаның қазақтың рухани қазынасын байыта түсер туынды болуын басты назарда ұстайды. Осыған орай ұлттық ерекшеліктер мәселесіне айрықша көңіл бөледі.

Бүгінгі таңда көркем аударманың өзекті мәселелері, теориялық, әдістемелік сұрақтары отандық ғалымдар мен ізденушілердің мақалаларында қарастырылды. Түйінді ғылыми пікірлері мен тұжырымды ойлары әлемдік деңгейдегі жетекші ғылыми басылымдарда жарық көрді [20]. Біз мақаламызда көркем аударма поэтикасы бойынша осы ізденістер нәтижесін ескеріп, оларды тақырыпты ашу мақсатында пайдаландық.

Қорытынды. Түйіндеп айтқанда, Қ. Қарманұлы ана тіліміздің мүмкіндігінің молдығын, тоқсан түрлі толғауы мен иірімін жіті таныған, сөзді құбылтып, айшықтаудың әр алуан сырларын жан-жақты меңгерген, қазақ халқына Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» детективті әңгімесін насихаттаған таланттарымыздың бірі. «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесінің аударылуындағы жетістіктер – стильдер үндесуінде тұрақты сөз тіркестерінің, теңеулердің ұтқырлықпен қолданылуынан болса, кемшіл тұстар – тәржімашының кей сөйлемде автордың не айтқалы отырғанын, кейіпкердің іс-әрекетін, сөйлеу қалпын терең талдамауынан және көркем шығарма үшін пайдалы әсері жоқ, қажетсіз еркіндіктен туындайды. Басқаша айтқанда, бір-бірімен байланысып жатқан күрделі ойды бөле-жармай, тұтас беруді көздеген автордың құрмалас сөйлемін өз қалауынша мазмұндау немесе бөлек-бөлек сөйлемге айналдырып аудару. Қазіргі көркем аудармадағы қиындық та осы тұстан, автор стилін анық танымаудан яки немқұрайлы қараудан болып отыр.

Әдебиеттер

1. Құлманов С. Аударманың өзекті мәселелері. – Алматы: Palitra-Press, 2015, – 296 б.
2. Сәтбаева Ш.Қ., XIX ғ. мен XX ғ. бірінші жартысындағы қазақ-еуропа әдеби байланыстары. – Алматы: Наука, 1972.
3. Нұрғали Р. Шығармалары. 3-том, 1-кітап. – Астана: Фолиант, 2013. – 288 б.
4. Waltraud W., Cassiday B. The literature of crime and detection: an illustrated history from antiquity to the present. – Leipzig: Edition Leipzig, 1988. – 214 p.
5. Кожевникова В.М, Николаева П.А. Литературный энциклопедический словарь / под общ. ред. – Москва: Сов. энцикл., 1987. – С. 90-91.
6. Марч А. Е. Развитие детективного романа. L.: Peter Owen Limited, 1958. – 272 с.
7. Тоқаев К. Солдат соғысқа кетті: роман / – Алматы : Жазушы, 1983.
8. Разин В.В. В лабиринтах детектива: Очерки истории советской и российской детективной литературы XX века. URL: http://royallib.com/read/razin_vladimir/v_labirintah_detektiva.html#0
9. Мұсалы Л.Ж., Есембеков Т.О., Искакова Г.Н. Поэтикалық мәтін мен дискурсты аудармашылық тұрғыдан талдау ерекшелігі // ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы. – №4, 2021. – 203 б. ISSN 1563-0323, <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i14.ph19>
10. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – Москва, 2007. – 386 с.
11. Миронова В.Е. Рецепция детективного творчества Артура Конан Дойла в русской литературе: к постановке вопроса / В. Е. Миронова // Текст. Книга. Книгоиздание. – 2016. – №1(10). – С. 73-85. – DOI:10/17223/23062061/10/5. – 0,6 а.л

12. Скороденко В.А. Шерлок Холмс с Бейкер Стрит // Дойл А.К. Приключения Шерлока Холмса. – М.: Мол. гвардия, 1988. – С. 5-13.
13. Doyle A.C. The adventure of The Red-Headed league. Magic Wagon; Illustrated edition, January 1, 2010.
14. Дойл А.К. Жирен шаштылар қауымдастығы. Әңгімелер. Орыс тілінен аударған Қараманұлы Қ. – Астана: Аударма баспасы, 2011.
15. Дойл А.К. Союз рыжих. Ағылшын тілінен орыс тіліне аударғандар Чуковской М.Н, Чуковской Н.К. – Мәскеу: Эксмо баспасы, 2005.
16. Хошаева Г.Б. Ағылшын детективтерін қазақ тіліне аудару үлгілері / Канд. дис. автореферат. – Астана, 2006.
17. Дәуренбекова Л.Н. 1960-1980 жылдардағы түпнұсқа мен көркем аударма мәтіндерінің сәйкестігі / Канд. дис. автореферат. – Астана, 2008.
18. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының сипаты. – Алматы, 2004. – Б. 39-41.
19. Байтұрсынұлы А., Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
20. Daurenbekova L.N., Kerimbekova, B. D., Daribayev S. D, Agabekova Zh. A., Adayeva Y. S. Translation into Kazakh language of Women's image in Ch.Aitmatov's works <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85107038320&origin=resultslist&sort=plf-f>

Н.Б. САЙФУЛЛАЕВА, Қ.Р. КЕМЕНГЕР

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Д. КЫНАДЖЫ

Университет Анкары Хаджи Байрам Вели, Анкара, Турция

**ЖАНР ДЕТЕКТИВА И ЕГО ОПЫТ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПЕРЕВОДА В
КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ (по рассказу Артура Конан Дойла «Союз
Рыжих»)**

Аннотация. Переводить литературные произведения всегда сложнее, чем переводить другие типы текстов. Литературные произведения обладают особыми эстетическими и экспрессивными ценностями. Эстетическая функция произведения должна выражать красоту слов (дикцию), образность языка, метафору, а экспрессивная функция – мысль (или мыслительный процесс), эмоции писателя. В этом случае переводчик умело использует талант и богатство своего языка, чтобы оживить перевод, эмоционально и интеллектуально, полагаясь на оригинальное произведение. Развитие детективного жанра в казахской литературе напрямую связано с творчеством Артура Конан Дойла, особенно рассказами литературного персонажа Шерлока Холмса, прославившего его на весь мир. Статья посвящена анализу художественных особенностей казахского перевода детективного рассказа Артура Конан Дойла «The Red-Headed League», написанного в конце XIX века.

Поскольку переводчик Курмангазы Караманулы перевел произведения Конан Дойла с русского на казахский язык, в статье рассматривается оригинал в сравнении с переводом на двух языках.

Анализ исследуемых переводов наглядно показывает различные подходы к передаче содержания художественных произведений, направленные на адаптацию детективных историй к казахской среде. В статье объясняются причины существования различных подходов и особенностей в казахском переводе. В данной статье исследована последовательная передача ключевых элементов поэтики детективного рассказа Конан Дойла на казахский язык. Начиная с названия произведения до образа повествователя и характеристики главных героев, а также пространственно-временных координат рассказа.

Ключевые слова: художественный перевод, казахская литература, литературный связь, Артур Конан Дойл, Шерлок Холмс, криминальная фантастика, сюжет, персонажи, сравнительный анализ, поэтическое совпадение.

N.B.SAIFULLAYEVA, K.R.KEMENGER

Eurasian National University after L.N.Gumilyov, Astana, Kazakhstan

CEMILE KINACI

Ankara Hacı Bayram Veli University, Ankara, Turkey³

DETECTIVE GENRE AND ITS EXPERIENCE OF LITERARY TRANSLATION IN KAZAKH LITERATURE (based on Arthur Conan Doyle's story «The Red-Headed League»)

Annotation. Translating literary works is always more difficult than translating other types of text because literary works have special values called aesthetic and expressive. The aesthetic function of a work must express the beauty of words (diction), the image of language, metaphor, and the expressive function-mind (or thought process), the emotions of the writer. In this case, the translator skillfully uses the talent and richness of his or her language to survive the translation, reacting emotionally and intellectually to the original work. The development of the detective genre in Kazakh literature is directly linked to the work of Arthur Conan Doyle, especially the stories of the literary character Sherlock Holmes, who made him famous throughout the world. The article considers peculiar features found in Kazakh translation of Arthur Conan Doyle's detective short story «The Red-Headed League» done in 2011. Since the translator Kurmangazy Karamanuly interpreted the works of Conan Doyle from Russian into Kazakh, the article considers the original in comparison with the translation of two languages.

The analysis of the translations under study clearly shows various approaches to conveying the content of the fiction works, aimed at adapting the detective stories to the Kazakh environment. The article explains the reasons for the existence of the

different approaches and peculiarities in the Kazakh translation. The paper provides a successive analysis of how the key elements of Conan Doyle's poetics – from the story title to the image of the narrator, characteristics of the main heroes, as well as space-time settings of the story – are delivered into the Kazakh language.

Keywords: literary translation, Kazakh literature, literary connection, Arthur Conan Doyle, Sherlock Holmes, crime fiction, plot, characteristics, comparative analysis, poetic coincidence.

References

1. Qūlmanov S., Audarmanyñ özekti мәseleleri. – Almaty: Palitra-Press, 2015, – 296 b.
2. Sätbaeva Ş.Q., XIX ғ. мен XIX ғ. бірінші жартысындағы қазақ-еуропа әдеби байланыстары. – Almaty: Nauka, 1972.
3. Nūrғали R. Şығармалары. 3-том, 1-кітап. – Astana: Foliant, 2013. – 288 b.
4. Waltraud W., Cassidy B. The literature of crime and detection: an illustrated history from antiquity to the present. – Leipzig: Edition Leipzig, 1988. – 214 p.
5. Kojevnikova V.M, Nikolaeva P.A. Literaturnyi ensiklopedicheski slovar / pod obş. red. – Moskva: Sov. ensikl., 1987. – 90-91 s.
6. March A. E. Razvitie detektivnogo romana. L.: Peter Owen Limited, 1958. – 272 s.
7. Toqaeв K. Soldat soғysqa ketti: roman. – Almaty: Jazuşy, 1983.
8. Razin B.V. Oчерki istorii sovetskij i rossijskoj detektivnoj literature XX veka. URL: http://royallib.com/read/разин_владимир / в_лабиринтах_детектив.хтмл#0
9. Mūsaly L.J., Esembekov T.O., İskakova G.N. Poetikalyq mätın men diskursty audarmaşylyq tūrғыdan taldaу ereкşelігі // QAZŪU HABARŞYSY, Filologia series. – №4, 2021. – 203 b. ISSN 1563-0323, <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i14.ph19>
10. Karaulov İ.N. Ruski iazyk i iazykovaia lichnost. – Moskva, 2007. – 386 s.
11. Mironova V.E. Resepsia detektivnogo tvorcestva Artura Konan Doila v ruskoj literature: k postanovke voprosa / V. E. Mironova // Teks. Kniga. Knigoizdanie. – 2016. – №1(10). – 73-85 c. – <https://doi.org/10/17223/23062061/10/5> . – 0,6 a.l
12. Skorodenko V.A. Sherlock Holmes s Baiker Street, 221 b // Doyle A.C. Prikluchenia Shelocka Holmesa. M.: Mol. Gvardiya, 1988. – B. 5-13.
13. Doyle A.C. The adventure of The Red-Headed league. Magic Wagon; Illustrated edition, January 1, 2010.
14. Doyle A.C. Jiren şaştılar qauymdastyғы. Äñgimeler. Orys tilinen audarğan Qaramanūly Q. – Astana: Audarma baspasy, 2011.
15. Doyle A.C Soiuz ryjih. Aғылşyn tilinen orys tiline audarğandar Chukovskoi M.N., Chukovskoi N.K. – Mäskeu: Eksmo baspasy, 2005.
16. Hoşaeva G.B. Aғылşyn detektivterın qazaq tiline audaru ülgileri / Kand. dis. avtoreferat. – Astana, 2006.
17. Däurenbekova L.N. 1960-1980 jıldardaғы tüpnüsqa men körkem audarma mätinderiniñ säikestігі / Kand.dis. avtoreferat. – Astana, 2008.
18. Qūrmanbaiūly Ş. Qazaq terminologiasy damuynyñ sipaty. – Almaty, 2004. – B. 39- 41.
19. Baitürsynūly A., Ädebiet tanytqys. Zertteu men öleñder. – Almaty: Atamūra, 2003. – 208 b.

20. Daurenbekova L.N., Kerimbekova B.D., Daribayev S.D., Agabekova Z.A., Adayeva Y.S. Translation into Kazakh language of Women's image in Ch. Aitmatov's works <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85107038320&origin=resultslist&sort=plf-f>

Авторлар жайлы мәлімет:

Сайфуллаева Назерке Бақытқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Сайфуллаева Назерке Бакытовна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Saifullayeva Nazerke Bakytkyzy – PhD student of Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Кемеңгер Қайырбек Ризабекұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, Астана, Қазақстан.

Кемеңгер Кайырбек Ризабекович – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Kemenger Kaiyrbek Rizabekuly – Candidate of philology sciences, associated professor of Eurasian National University after L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan.




Джамиля Кынаджы – философия докторы (PhD), Хаджи Байрам Вели университетінің доценті, Анкара, Анкара, Түркия.

Джамиля Кынаджы – доктор философии (PhD), доцент Хаджи Байрам Вели Университета, Анкара, Турция.

Cemile Kinaci – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor Hacı Bayram Veli University, Ankara, Turkey.

ХҒТАР 17.01

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.24>

*Қ.Ө. ТАМАБАЕВА¹ 
Д.Л. РАЙЫМБЕКОВА² 
А.ЖАНҚАЗЫ³ 

Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты,
Тараз, Қазақстан¹

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан^{2,3}
(e-mail: karakoz14@mail.ru¹, dinnara08@gmail.com², altyngul.zhankazy@mail.ru);

ШЕРХАН МҰРТАЗА НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ ЖӘНЕ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Әрбір ойды шағын, әрі қысқа қайырып жеткізу – үлкен шеберлікті қажет етеді. Бұл тұрғыда, Шерхан Мұртазаның кесек тұлға екендігі бағамдалады. Тұлға ретінде қалыптасуында рухани нәр алған бастаулары, тәлімдік идеялары мен халық жазушысы ретіндегі мазмұндық даралығының үйлесімділігін Шерхан Мұртазаның көркем шығармаларынан ғана емес, әр жылдардағы жазылған өзіндік ой-толғамдарынан айқын көруге болады. Ұлы Абай негізін салған нақыл сөздер шоғырын өзінше байытып, халық даналығынан терең сусындағанын, халықтық мәселелерді көтеруде сәтті қолдана біледі. Бұл мақалада халық жазушысы Шерхан Мұртазаның нақыл сөздерінің ұлттық сипатын зерттеудің маңыздылығы қарастырыла келе, ойшылдық, ұстаздық көзқарастарының өзіндік берілу ерекшеліктері көрсетіледі. Атап айтқанда, исламдық теологиямен байланыстылығы, эстетикамен де астасып жатқандығы, таза қазақы этикалық ұғымдар жүйесінің еркін берілгендігі, өзіне дейінгі ұлттық дүниетанымнан тамыр тартып, олармен сабақтасып жатқандығы, адамгершілік ой-толғамдарының өзінің өмірлік тәжірибесімен де байланыстылығы және қазіргі заманауи өзекті болып отырған тәрбиелік құндылықтарға тікелей байланысты құрылғандығы, т.б. Жазушылық пен қайраткерлікті қатар алып жүріп, ұлт жанашырына айналған Шерхан Мұртазаның нақыл сөздерінің ұлттық тәрбиедегі маңызы түрлі рухани негіздер арқылы дәйектелді. Кейбір тәмсілдері мен нақыл сөздерінің халық арасында жиі қолданылып, өзіндік афоризмге айналғандығы ондағы маңызды ұлттық мәселелерге қатысты екендігі ғылыми негізделеді.

Түйін сөздер: Шерхан Мұртаза, ұлттық құндылықтар, нақыл сөздер, әдебиет, ұлттық тәрбие, адамгершілік.

Кіріспе. Әрбір ұлттың генофондының негізі – танымал тұлғалардан тұрады. Ұлттың ақыл-ойын, парасатын құрайтындар да осы топ, яғни тұғырлы тұлғалар. Олар – заманның желінен ықпайтын, шындықтан қашып бұқпайтын, сабыры үгілмейтін, ұсаққа үңілмейтін, көкірегі сыр-сандығын пендешіліктен таза ұстайтын, өнерді өрістетіп, ғылымды өрге сүйрейтін ерекше талант иелері. Тұлғалар – өмір-өзен қалай тулап жатса да, уақыт қандай өзгеріске түссе де арнасынан аумайды, тарихтың тамырын дәл басады. Ел басына күн туып, бағытын таппай жаңылғанда ең алдымен тұлғаларын іздеп табатыны, үлкен үміт артатыны да сондықтан болса керек.

Қазіргі қоғамымызда осы бір тұлға деген сөзді барынша байыптап, байсалды қорытынды жасап, елеп-екшеп қолданған дұрыс сияқты. Бұл сөздің барынша салмақты, екінің біріне қолданыла бермейтін ерен қасиеті бар. Ал кейбір сөз қадіріне жете бермейтін танушылар көбейіп, әдебиет пен тарихтың өзі тұрмақ иісі мұрнына бармайтын, қоғамы үшін, елі үшін қасқайып бірде бір ақиқат айтпақ түгілі сөзін жеткізе алмаған, басшылықты өзінің ой-санасымен иіріп әкете алмаған, халық оны қайсар ұл ретінде мойындамаған адамдарды «тұлға» деп, оларды танытуға барынша жан салып, қарекет қылып отырғандығы қынжылтады.

«Тұлға дегеніміздің өзіне адам дамуының ең шыңы» деген анықтама берілген [1, 51]. Ал, А.Н. Андреевтің пайымдауынша, әрбір кезеңде өнер мен ақиқат ара қатынасы түрліше түсіндіріліп, тұлғаның эстетикалық үлгісі әртүрлі ұстанымдармен тұжырымдалған [2, 82].

Қалай десек те, халқымызда рухани даму мен адами жетілудің шыңына көтеріліп, елдік пен ерліктің үлгісіне айналған тұлғалар аз болмаған. Тұлғаның өзіндік ерекшеліктері өте көп. Соның ішінде, Шерхан Мұртаза болмысы биік тұлғалардың санатынан. Қолына қалам ұстап, аумалы-төкпелі замандағы ел тағдырын, азамат жайын қалың-қалың кітап етіп жазған, сонда да шаршамаған, қайта ұлт, қайсар тұлға алдындағы перзенттік парызы жігерлендіріп, талай «сарсаңға» қасқайып төтеп берген де Шерхан Мұртаза болатын. Осындай кесек тұлға, кенен дарын шығармашылығында ұлттық құндылықтарымыздың қайсысы болмасын тереңнен қозғалып, түсіндіріледі. Бұлар өз кезегінде бүгінгі оқыту мен тәрбиенің өзекті мәселелерінің оң шешілуінің тиімді тетігі екендігі даусыз.

Жалынды публицист, бесаспап журналист, рухани ұстаз, шебер аудармашы, дарынды драматург, қоғам қайраткері, ойшыл Шерхан Мұртаза шығармашылығы – кең арналы. Десек те, зерделеп, толғамды тұжырымдарын ұрпақ тәрбиесінде кеңінен пайдалану кенжелеп келеді. Осы себепті де, алдағы уақытта өзіндік мектеп қалыптастырған Шерхан Мұртаза әлемі түрлі аспектілер тұрғысынан жан-жақты қарастыруды қажет етеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, ұлтымыздың бірегейлену үдерісін қайтадан жаңғырту қолға алынып, қазақ болмысының руханилық деңгейінің биіктігін паш ету жолға қойылып келеді. Осы

жолда, ұлттық өрлеудің биігінде болған Шерхан Мұртаза өркениетті қоғам болудың бірден-бір арқауын адамдық пен адамгершіліктен іздейді. Өмірлік шыңдықтан көркемдік шешім түйіндеген жазушылық әрекеті ойшылдыққа ұласты. Оның шығармашылығының жемісі, ондағы көтерген мәселелері, қоғамдық әрекеті тұнып тұрған өмірлік мәселелер десек қателеспегеніміз.

Әрбір ғылымның өзіндік биігі, жеке логикасы болады. Соның ішінде жеке тұлғаны танып-білу, рухани маңызын зерделеудің қоғамдық әлеуеті зор. Өйткені, тұлғатану - жан-жақты ғылым. Әрбір тұлғаны тану оның азаматтық болмысын танытудан бастау алады. Ал, адам әлемі – жұмбақ. Оның сырлары өте көп. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі шерхантану ғылымының да жаңаша міндеттері айқындалып келеді. Алға қойған мақсат-міндеттерге толыққанды қол жеткізіп, жазушы толғамдарының тәрбиелік маңызын дәйектеуде талдау, дәйектеу, жүйелеу, Шерхан Мұртаза шығармашылығына қатысты пікірлерді жүйелеп, қорыту зерттеу мақаланың негізгі әдістері болып табылады.

Талқылау мен бақылау. «Қазақ көркем әдебиетінің тарихында Шерхан Мұртаза ағамыздың орнына ешбір ақын – жазушы таласа алмайды» деген еді ақын қарындасы Ф.Оңғарсынова. Ия, бұл тұжырым бүгінде әбден дәлелденді. Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе», «Бесеудің хаты», «Бір кем дүние» деген шығармалары тәуелсіздікті орнату мен нығайтуда басты қару болды, жазушының бұл әрекетін майданға шыққанмен бірдей ерлік екенін бүгінгі жастар бағалауда.

Шерхан Мұртаза жаһанда жан баласына бас иіп, тізе бүгіп көрмеген. Мұны біреу ерлік дейді, біреу әділдік дейді, үшінші біреу кемеңгерлік дейді. Бәрінің де сөзінің жаны бар.

Байырғы қазақ кемеңгерлері иілмейтін бастың, бүгілмейтін тізенің болмайтынын айтады. Шынында бұл кісінің тізе бүгіп бас иетінінің бірі – құдайдың алды, екіншісі – халықтың алды. Осы себепті де, халықты пір тұтқан Ш.Мұртаза - дана тұлға. Жақсылықтың жаршысы, әділдіктің алдаспаны болды, даналықтың сөзін сөйледі. Шығармашылық қызметінде жақсылыққа жар болды, үзілгенді жалғады, өшкенді жандырды, өлгенді тірілтті.

Саналы ғұмырында тамырын тым тереңге жайып, туған халқымен біте қайнасып, біртұтасқа айналған Шерхан рухы күн өткен сайын биіктеп келеді. Оның кепілі – бүгінгі ұрпақтың тәрбие құралына, жастар ғана емес, бар көзі қарақты қауымның ой толғанысын жеткізетін нақыл сөздері мен тәмсілдері. Мол мұрасы мен қайраткерлік тұлғасымен, ұлылық қалпымен өзінің шексіз сүйген қазағымен бірге мәңгі жасап, тарихи тұғыры биіктеп келеді.

Ш.Мұртаза қоғамның қай жаңалығын сөз етсе де, ұлтымыздың абыройын, мүддесін ойлады. Ұлттық менталитетімізге жат қылықтарды үнемі сын нысанасына алып, өз шығармаларында қазақ даласының кеңдігімен бірге дарқан көңілі, адал еңбектің жемісін көрген абыройлы азаматтар, қанға сіңген қасиетпен төрт түлігін дәріптеген қарапайым қазақ баласы асқақ арманмен

астастырыла суреттеледі. Халқына ұшан-теңіз еңбек сіңірген, тоталитарлық режимнің құрбаны болған алаштың ардақтысы Тұрар Рысқұловты ортамызға қайта оралтып, ұлттық рухты көтеруге қосқан өлшеусіз үлес қосқан Ш. Мұртаза қандай тақырыпты қозғаса да, неңдей қызметтің тізгінін ұстаса да халқының рухани болмысын биіктетуге қызмет етті.

Шындығында, бүгінгі күнге дейін адамзаттың әлеуметтік өмірінің тарихы өте алуан түрлі. Жаһандық геосаяси жағдайға байланысты дүркін-дүркін елеулі өзгерістер болды. Мұның нәтижесінде, «Бір кездері үрей тудырған мемлекеттер бүгінде де жоқ, бүкіл тайпалар мен көп халық тентіреп, кейбірі жаңа ұлт болып қайта қосылса, кейбірі басқа ұлттарға қосылды. Жаңаша, өзіндік әдет-ғұрыптары бар мемлекеттер пайда болды. Дегенмен, бірегей табиғаттың ерекше күші әсерінен олардың өткен тарихы мен генетикалық ерекшеліктері ұмытылмайды, тарихжадысында бұрынғы өмірінің бастапқы негізі сақталады екен. Керісінше мотивация береді» [3, 263].

Демек, әрбір заманда бұрынғы рухани байлықтың жаңаруы, дамуы және қалыптасуы ерекше. Оның қалыптасуы мен дамуында тұлғалар шоғырының орны тым бөлек. Сол шоғырдың басында тұрған

Ш. Мұртаза шығармашылығының жаңару жолындағы қазақ қоғамында, әлеуметтік ортада, ойлы кеңістікте, бүкіл түркілік қоғамдастықта алар орны бір төбе. Олай дейтініміз, қаламгердің өз заманында қозғаған тақырыптары мен проблемалары бүгінгі күннің өзекті тақырыбына айналып отыр. Қоғамның кертартпа құбылыстарымен күресудегі нысанасына дәл тиетін өткірлігі мен көркем тілі, ойды орамды берудегі публицистік шеберлігі қазіргі қаламгерлер үшін үлгі аларлық шеберлік мектебі.

Шерхан Мұртазаның нақыл сөздерінің тақырыптары сан алуан. Оларды оқыған оқырман түрлі ойға қалады. Себебі, жазушы ашпаған тақырып қалмаған сияқты. Дәлірек айтсақ, тойымсыздық, мейірімсіздік, нысапсыздық, әділетсіздік, кемдік, санасыздық, сауатсыздық, ғашықтық, жетіспеушілік, достық, өкініш, білімсіздік, сағыныш, еліміздегі демографиялық жағдай, қанағатсыздық, төзімділік, имандылық, заман теңсіздігі, аңдар мен табиғатты қорғау, асыра сілтеушілік, дін мен салт-дәстүрді дәріптеу, репрессия құрбандарын жоқтау, жемқорлық пен парақорлық, билік басындағы басшылардың саяси сауатсыздығы мен жіберген кемшіліктері, жауапсыздық, ақылсыздық, ана тілін қадірлеу, т.б. Бұл аталған тақырыптарды – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелері деуге болады. Сол тақырыптарды жазушы ешкімнен тайсалмай жазады. Өзі де жалынды публицист ретінде мәселені дөп басып, дәл айта білді. Солардың ешқайсысынан көпірме қызыл сөзді кездестірмейсіз. Әр сөзінен мірдің оғындай нақтылықты, шешеннің сөзіндей тапқырлықты, сонымен бірге адамның шабытын қамшылайтын, намысын оятатын қанатты ойларды аңғарылады.

Бұл ерекшеліктің бәрі жалпы жазушы шығармашылығының өн бойына

созылып жатыр. Жазушының көптеген нақыл сөздері мақал-мәтелдермен тамырлас және халық арасында көптеп қолданылады. Өйткені, Ш.Мұртаза «Егемен Қазақстан», «Жас алаш», «Қазақ әдебиеті» секілді үлкен газеттердің және «Жалын» мен «Жұлдыз» журналдарының бас редакторы болған. Бірнеше рет депутат болып сайланған. Осы себепті де, Шерхан Мұртаза халықпен көп араласып, оның мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған. Нақыл сөздерінің барлығы да ұлттық мәселелерді қозғаған. Жазушының біреудің көңіліне қарап әңгіме жазбайтындығын да аңғару қиын емес. Керісінше, оның қаламынан туған көсемсөздің барлығы ел мүддесіне, халық қамына арналған. Содан да шығар, Шерхан ағамыз жазған шығармалар біреуге түрпідей тисе, біреудің айызын қандырады, ал қалың оқырман оның әрбір сөзін Тәңірдің сөзіндей асыға күтіп, құныға оқиды. Осы жерде мен Шерхан Мұртазаның мына бір сөзін келтіргім келеді:

«Жастарға айтар ақылым – ұлтты көбейтуді ойлау керек. Тәуелсіз еліміздің болашағын сақтап қалу үшін өзгелермен иық тіресетіндей болуымыз қажет. Халықтың болашағын, еліміздің ертеңін бүгіннен ойлайық» [4, 211].

Бұл – аға сөзі, аға ақылы.

Жетпіс жыл бойы бодандықтың құрсауында болып, өз шерін өзі шерте алмаған халқымыздың егемендігін алғаннан кейін де әлі де жалтақтықтан арыла алмай, ана тілі мен орыс тілінің мәртебесін тең ұстауы, батыстың даңғаза мәдениетіне еліктеушіліктің көп болуы қазақтың Шер-ағасын қатты алаңдатып, аттанға басады. Өз айқайының назардан тыс қала беруі жазушыны ашындырады. Халық қалаулысы бола отырып та, бұра тартқан депутат әріптестеріне: «Ау, ағайын, ақылға, адамгершілікке кел. Тіл деген – ұлт деген ұғым. Тіл құрыса – ұлт құриды. Ана тіліміздің мәртебесін көтеру, басқа тілдердің бағын байлау емес қой» - деп ақылға шақырады. «Ұлт және сана» атты телехабардың авторы мен жүргізушісі ретінде Шераға ұлттық руханиятқа зор еңбек сіңіре білді. Баспасөз беттерінде жазылған мақалалары мен журналистерге берген сұхбаттарында да Шерағаның өмірге деген ерен сүйіспеншілігін, қажыр-қайратын байқаймыз. «Менде қамығу деген болмайды. Жүдеп-жадай беретін болсақ, әлдеқашан су түбіне кетіп қалған болар едік. Менде түрлі қиыншылықтармен күресе білу деген ұғым бар. Боркемік болу – кісі сүйер қылық па?» [5, 333], - деген ойларының тәрбиелік мазмұны терең. Қоғам қайраткері ретінде өмірлік тағылым алып келе жатқан алыптар туралы да Ш.Мұртаза таза сезіммен, іңкәр көңілмен жазады.

«Уақыт – ірі көзді елек тәрізді деседі. Оның елегінде ересендер ғана қалады», «Ұлы заманға ұлы адамдар ғана айна бола алмақ», т.б. сөздері нақыл сөздерге айналып, халықтық философияның қазынасына қосылды. Көрнекті қаламгер Т. Ахтановты «Айға шағылған найза» десе, әңгіме жанрының шебері Б.Майлин туралы «Алыптың анасы - халық», белгілі драматург Қ. Мұхамеджанов туралы «Тау басындағы тас жарған» мақалаларын жазып, ғалым, аудармашы С. Дәуітовті «Ғылым мен әдебиеттің телқоңырына»,

Ә. Кекілбайұлын «Жампозға» балап, аталған тұлғалардың шын болмысын ақтарыла жазып, әдебиеттегі ерен еңбектерін бірде естеліктермен бедерлеп, бірде шынайы адамдық сезімдермен суреттеп, жазады. Сондай-ақ, Ш. Мұртазаның «Қазақтың Шерағасы» деп аталуының өзі оның ана тілдің тағдыры талқыға түскен уақытта «Қос тіл тек жыланда ғана болады» немесе «Қазақша сөйлемейтін қазақтар – анасын буындарып өлтіргендер», «Өз ана тілін менсінбейтіндер – өз ұлтын үш рет өлтіргендер» деп ашық айтып, халықтық мәселелерді көтере білуінен болды.

Ана тіліміз – тәуелсіздігіміздің басты белгісі, оны құрметтеп, сақтауымыз керектігін үнемі айтудан шаршамаған Ш. Мұртаза нақыл сөздерінің негізгі арнасы – осы ұлттық діліміз, туған тіліміз бен жерімізге, адамгершілік мәселелеріне арналды. Мәселен:

